БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ

Республикалық педагогикалық ғылыми әдістемелік журнал

№9 (81) 2026 қыркүйек

МЕНШІК ИЕСІ
ЖК «БІЛІМ МӘРТЕБЕСІ»

ДИРЕКТОР
Жазира Жеңісқызы

БАС РЕДАКТОР
Қанжар Мырқы

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық Ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік Бақылау комитетінде 10.10.2019 жылы тіркеліп, тіркеу туралы №KZ47VPY00015867 куәлігі берілген

БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
120014, Қызылорда қаласы,
Байсейітова көшесі 100 үй
Тел: 8 707 510 08 91,
8 778 380 53 74
E-mail: zhazi_0091@mail.ru

Журнал «БІЛІМ КЕНІ»
редакциясында теріліп, беттеліп,
«Принт» баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар
редакцияның пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің
дұрыстығына авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

Меншікті тілшілер:

Оразбекқызы Гүлжанат
Ақмола облысы

Абылшеева Мадина Карахожаевна
Ақтөбе облысы

Асқарқызы Салтанат
Алматы қаласы

Амантаева Жадыра Аманбайқызы
Түркістан облысы

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:



Бауыржан Жұмаханұлы Омаров - Қазақстанның мемлекет қайраткері, журналист, әдебиеттанушы, Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик



Мединамов Дамир Бай Еділұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті бұқаралық ақпарат құралдары саласына рұқсат беру басқармасының жауапты қызметкері



Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы - Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы



Жұбанышов Берік Темірханұлы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Тарих кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Смагулова Гульшат Амантайкызы - Қызылорда облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) «Жалпы орта білім беру» бөлімінің меңгерушісі


МАЗМҰНЫ


1. М.Әбілова. Көліктер, Көлік түрлері 4
2. Жанаева Гулзат. Қыс қызықтары 7
3. Избасханова Ажар. 10 көлемінде тура және кері санау 10
4. Байназарова Әлия. Жануарлар әлемі 11
5. Нуртаева Рита. 1-5 сандары. Тура және кері санау 12
6. Косымбаева Сарагул. Заттар тобын санау және салыстыру 15
7. Карсакбаева Акзада. 25 қазан – Республика күні! 17
8. Койбагарова Салтанат. Мектепалды сыныбында ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде дидактикалық ойындар арқылы тіл дамыту 20
9. Таласбаева Зибагуль. Бала дамуындағы ойындардың маңызы мен ерекшелігі 21
10. Нұрғалиева Жанерке. Дара және күрделі етістік 23
11. Шахатова Роза. Баланың балабақшадағы психологиялық дамуы 26
12. Абдуллаева Анар. Балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу 27
13. Дузелбаева Даригул. Заттар тобын санау және салыстыру 29
14. Дилимбетова Жулдыз. Жыл мезгілдері 32
15. Баяділ Бақытқүл. Тікбұрышты параллелепипедтің көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді шығару 35
16. Жұмағұл Ұлдай. Второстепенные члены предложения. Вопросы к членам предложения 39
17. Утепбергенова Гульсара. Многоугольник. Виды многоугольников 45
18. Халтова Ғалия. Определение классической вероятности. Статистическая вероятность 48
19. Утеулиева Назигул. Аналар мерекесі 52
20. Асаубаева Жаңагүл. Дара және күрделі сын есім 54
21. Бексеитова Гулжанар. Ойын құрастырудың практикалық жолы: Python бағдарламалау тілі 57
22. Кадирсизов Бауыржан. Мектеп басқару ісіндегі педагогикалық шеберлік 60
23. Карбаева Жаркын. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби және ғылыми-педагогикалық мұрасы — оқу-тәрбие үдерісінде 61
24. Сағынбаева Меруерт. Тарихтан тағылым, ұрпаққа аманат 63
25. Мұхамеджан Сандуғаш. Жасанды интеллект және биология пәнін оқыту: жаңа мүмкіндіктер 65
26. Дюсенғалиева Перизат. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы жаңа міндеттер: тіл, технология және тұлға 66
27. Дюсенғалиева Перизат. Бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі . 67
28. Сейлова Айнур. Пәнаралық кіріктіру негізінде бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру 68
29. Құдабаева Ләйля. Физика және математика сабақтарында жасанды интеллектіні қолдану арқылы оқытудың тиімділігін арттыру 70
30. Әби Алина. Музыка пәні оқушыға не береді? 72
31. Куттыбаева Раушан. Бала мүмкіндігін дамыту – кәсіби қолдау мен жүрек жылуының үйлесімі 74
32. Бекбаева Жұлдызай. Инклюзивті білім берудегі мұғалімнің рөлі 75
33. Әбибуллаева Әсима. Химияны оқытудағы жаңашылдық пен ізденіс 77
34. Әжімұханова Бағжан. Ана тілім – ұлттың жаны, әдебиет – рухтың айнасы 79
35. Кеңесова Дилнара. Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктері 81
36. Жасуланов Асхат. Дене шынықтыру сабағында оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттырудың тиімді әдістері . 83
37. Мырзабаев Нұрбол. Әскери тәртіп – мінез бен жауапкершілікті қалыптастыру құралы 85
38. Сағат Асылназ. Есірткісіз болашақ: қоғам үні 86
39. Бердімұратқызы Кәусар. Есірткісіз болашақ: қоғам үні 87

Көліктер, Көлік түрлері

М.Әбілова
Қызылорда облысы, Арал ауданы №65 орта мектептің
Мектепалды сынып пелагогы

Білім беру саласы: «Қатынас»
Ұйымдастырылған іс-әрекет**:** Тіл дамыту
Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру және олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Көліктер туралы жұмбақтарды шешу арқылы балаларға көлік түрлерінің ерекшіліктерін тереңірек түсіндіру. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын жетілдіру. Достық пен сыйластыққа тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдері: шаттық шеңбер, , жұмбақ, түсіндіру, сұрақ-жауап, (көлікті сипаттау) әдісі, дидактикалық ойындар.
Сөздік жұмыс: көліктер
машина- жеңіл көліктер, ұшақ- тік ұшақ, пойыз-поезд, қайық- кеме, көлік- транспорт.
Көрнекілігі мен құралдары: слайд, мазмұнды суреттер, үлестірмелі материалдар, көліктердің суреттері.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Кәне шеңбер құрайық, Қолымыздан ұстайық, Күлімдейік ,күлейік Тату болып жүрейік. Сурет бөліктерінен пазлдарды құрап,қандай көлік екенін айту -Балалар бүгін көліктер туралы айтамыз  - Ішінде не бар екенін көремізбе? Бір-бірден таңдап алыңдар. -Балалар мұның ішінде тағы да жұмбақтар бар екен. Шешіп көреміз бе? Ал, мұқият тыңдайық. 1.Қанаты бар, жаны жоқ , Табаны бар, аяғы жоқ . Өзі ұшады, аспанда жүреді , Теңізден де, таудан да өтеді. (Ұшақ)  -Жарайсыңдар!	Балалар амандасып, шаттық шеңберіне тұрады. Балалар қызығушылық танытады. Балалар көліктерді таңдап алады. Жұмбақтарды шешеді. Ұшақ Қолдарындағы ұшақтарды көрсетеді.

	2. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі.  -Дұрыс таптыңдар! Қайсы кімнің қолында қайық бар? 3.Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды.  Қолындағы жұмбаққа сәйкес тапқан көліктерін көрсетеді.	Қайық Көрсетеді. Жеңіл көлік Көрсетеді Үш топқа бөлініп отырады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік Тақтамен жұмыс топпен бірігіп жұмыс жасау	Бүгін көлік түрлерімен танысамыз. -Ал, сендер мектепке немен келесіңдер? -Ол адамға не үшін керек? Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Ауыр жүктерін осы көліктермен тиеп апарады.Көліктердің үш түрлері бар. Олар: 1. Әуеде ұшатын көліктер 2. Суда жүзетін көліктер 3. Жерде жүретін көліктер -Ендеше, мына магнит тақтаға көліктерді орналастырамыз. Бірінші әуеде ұшатын көліктерді орналастырамыз.Қандай көліктерді орналастырдыңдар? Екінші суда жүзетін көліктерді орналастырайық. Үшінші жерде жүретін көліктерді орналастырайық.  -Жарайсыңдар балалар! Сөздік қоры: машина- жеңіл көлік, ұшақ- тік ұшақ, , қайық- кеме, көлік- транспорт. Дидактикалық ойын: (көлікті сипаттау) 	Тыңдайды Жауап береді Қайықты- суға, машинаны- жерге, ұшақты –әуеге орналастырады. Қайталайды Көліктер туралы сипаттап айтып береді.

	Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз Қанатымызды жаямыз Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйткіп жүземіз Кемелерді түзіп. Жол тәртібін сақтаймыз, Көлікке отырамыз. Дидактикалық ойын: «Сәкестендіру»  Көліктер туралы жұмбақтар жасырып,оның жауабын табу	Қимылмен орындайды. Ойнайды Балалар жұмбақтар жасырып. оның шешуін табады
Рефлексиялық-түзетушілік	Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ – жауап арқылы қорытындылау. Сонымен біз нені білдік? «Бағдаршам»  Түсінсеңдер жасыл көзді, орташа түсінсеңдер сарыны, түсінбесеңдер қызыл көзді көрсетіңдер.  Балаларды мадақтау. -Балалар бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы жауап беріп, қатыстыңдар! Смайликтер жапсыру. 	Ұшақтың ұшатынын, кеменің жүзетінін, машиналардың жерде жолмен жүретінін білдік. Көрсетеді Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже:
***Біледі*:** Көлік түрлері туралы түсініктері бар. Көлік түрлерін ажыратып, қызметін біледі.
Игереді: Көліктердің қолдануы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
***Меңгереді*:** Көліктерді атқаратын қызметіне қарай ауада, суда, жерде жүретін түрлеріне қарай жіктеуді меңгерді.

Қыс қызықтары



Жанаева Гулзат Шуменовна
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жақсықылыш кенті
№19 орта мектебінің мектепалды сынып педагогы

Білім беру дағдылары: «коммуникативтік», « таным»
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тіл дамыту
Тақырыбы: Қыс қызықтары (Сурет бойынша әңгімеле)

Міндеті: Қыс мезгіліндегі табиғат көрінісін сипаттап,қызықтарын әңгімелету арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту,сөздік қорын байыту.
Балаларды сұраққа нақты жауап беруге,сурет мазмұны бойынша әңгіме құрап айтуға және қысқы ойындарды әңгімелету барысында ойындарға арналған заттарды ажыратуға,қауіпсіздікті сақтауға дағдыландыру.
Балаларды бір-біріне қамқор болуға ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.
Көрнекілігі: Қыс мезгілінің мазмұнды суреті, жұмыс дәптері...
Сөздік жұмыс: ұлпа

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	1. Ұйымдастыру кезеңі Шаттық шеңбері Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек? Көңілді боп жүрейік. Бақытты боп әрқашан, Туған жерді сүйейік!	Балалардың барлығы бірге айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	2. Кіріспе бөлім. Ғажайып сәт «Сиқырлы сандық» а) Жұмбақтар Жұмбақтардың шешуін сурет арқылы сандықтан шығару Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (Қар) Тісі жоқ тістеп алады, қолы жоқ сурет салады (Аяз) Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші сен оны (Аққала) Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп жатады. (Мұз) Балалар жақсы көреді, Қыста ғана келеді. Ән жыр айтса қысылмай, Сыйлық кәмпит береді (Аяз ата) Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді. Аузы жоқ, ұлиды. (Боран)	Жұмбақтарды шешеді Қар Аяз Аққала Мұз Аяз ата Боран

	3. Негізгі бөлім. Қыс қызықтары Педагогтің түсіндіруі. -Қазір жылдың қай мезгілі? – Дұрыс, айтасыңдар. Қарлы боранымен, сықырлаған аязымен қыс келді. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз, денемізді шыңдаймыз, жылы киінеміз. Сырғанақ ойнап, аққала жасаймыз. «Қыс қызықтары» тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру. – Балалар, қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарық-жұрық етеді.Қардың аппақ тазалығы сондай,бетіне ештеңе тастағың келмейді. Сұрақ-жауап -Суреттегі балалардың ойындары туралы не айтуға болады? –Балалар немен ойнап жатыр? -Балаларға кім деп ат қоюға болады? -Тағы не көріп тұрсыңдар? Енді, сендер осы суретке қарап «Қыс қызықтары» туралы мазмұнды әңгіме құрастырыңдар. Балалардың әңгімелерін тыңдау – Өте жақсы тағы да кім,суретке әңгіме құрап береді? – Қыс мезгілінде, сендердің қармен көп ойнайтындарыңды әңгімелеріңнен байқадым. -Сендерге қыс мезгілі ұнады- деп ойлаймын.Әңгімені жақсы құрай білдіңдер.Өте тамаша. Сергіту сәті: Қарды жинаймыз, дөңгелектейміз, тағы да біреуін дөңгелектейміз. Дайын қарларды бірінің үстіне бірін қоямыз. Қолын жасаймыз, көздерін, мұрнын, аузын жасаймыз. Мінекей, аққаламыз да дайын болды. (Қимылмен көрсетеді). Қыс туралы балалардың жаттаған тақпақтарын айтқызу Ақ қар жапты даланы, Ақ жамылды айнала. Жарқыратып шамдарын. Шырша келді ортаға. Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан Қауіпсіздік ереже Далада ұзақ жүрме,жылы киін,тоңып қалма... Педагог сыйы: Бейнеролик «Қар қандай?» ертегі Бірде құстар дауласады. Олар қардың, кәдімгі қардың қандай болатынын анықтау үшін жолға шығады.Ұшып жүріп сұрақ қояды: – Қар қандай болушы еді? – Алтындай жарқырап тұрады, – дейді Таң. – Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір Аспан. – Тастай суық, – деп жауап береді Үйрек, тұмсығын қанатының астына тыға түсіп.	-қыс  Суретке әңгіме құрайды. Балалардың жауабы Сергіту сәтін жасайды Қимылмен жасайды 1,2 Ертегіні тыңдайды .

	– Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады Тауық. – Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады Жел. – Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш Бұтақтары. – Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар алуан түрлі жауаптар естиді, бірақ олардың жауаптары да, әртүрлі болып шығады. – Балалар қар қандай?– деген сұраққа әр қайсысы әртүрлі жауап берді, неге? - Қар қандай екен? Сөздік жұмыс: Ұлпа – жұмсақ мағынасын айтып түсіндіру. Тапсырма: «Не артық?»Белгіле.Аққаланы қалай жасай  Жұмбақтың шешуін тап. Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс мезгілі). Жұмбақтағы қыс сөзіне дыбыстық талдау жұмысын жүргізу. – Балаларға «қыс» сөзіне дыбыстық талдау жасату. Қ– дауыссыз дыбыс. Ы – дауысты дыбыс. С– дауыссыз дыбыс. – Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? – Ал дауыссыз дыбысты ше? Дидактикалық ойын: «Кім тез тапқыш?» Мақсаты: Қысқы ойынға қажетті ойын құралын табу Үлгі суреттер: шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп .	жұмсақ,мамық, ұлпа Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды -қызыл -көк
Рефлексивті-түзетушілік	Қорытынды бөлім. «Қар лақтыру» ойыны Берілген қортынды сұрақтарға жауап бере отырып шыршаны безендіреміз. 1.Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар 2.Қыс айларын ата 3.Қыс мезгілінде ерекше мереке бар? 4.Қыс мезгілі несімен ұнайды? 5.Қардан не жасауға болады? 6.Қыста құстарға,үй жануарларына қандай қамқорлық жасаймыз? Балаларды мадақтау	Балалардың жауабы
	Кері байланыс: Смайликтер арқылы бағалау	



10 көлемінде тура және кері санау

Избасханова Ажар Алимжановна
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аманөткел ауылы
№73 орта мектептің Мектепалды сынып педагогы

Білім беру саласы: Таным

І.Ұйымдастырылған іс-әрекет: Математика негіздері

Тақырыбы: 10 көлемінде тура және кері санау.

Міндеті: 10-ға дейінгі сандар қатарымен таныстыру.Сандарды салыстыру,ой-өрісін қиялын дамыту. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: 10 көлеміндегі сандар, сурет,шар,үлестірмелі сурет,ойыншық,жұмыс дәптері.

Әдіс тәсілдері:Сұрақ-жауап,дидактикалық ойын,түсіндіру

Сабақтың барысы:

І.Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Қуанамын мен де

Қуанасың сен де

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге

Топқа бөлу: «Күннің көзін ашу» әдісі арқылы топқа бөлу

-Балалар күннің бетін бұлттар жасырып тұр.Біз бұлттарды алып ,бұлттарда жасырылып тұрған сандармен топқа бөлініп,күннің көзін ашамыз.

1-топ Алғырлар тобы

2-топ Жүйріктер тобы

3-топ Тапқырлар тобы

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс айларын атайық?

-Жарайсыңдар!

Балалар бәріміз бірге : «Санды ата және реттілігін тап» қызықты ойынын ойнаймыз.

Ойын шарты: Сандарды ретімен орналастыра білу,санамақ орындай білу.

Ұжымдық жұмыс

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10

10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1

Бір дегенім -білім,
Екі дегенім-елім.
Үш -дегенім-үміт,
Төрт дегенім-түлік.
Бес дегенім-берік,
Алты дегенім-арық.
Жеті дегенім-жігер
Сегіз дегенім-сенім
Тоғыз дегенім-талғам
Он дегенім-Отан

-Жарайсыңдар балалар.

Дәптермен жұмыс.

1-тапсырма. Түлкі баспалдақпен көтеріледі. Балалар түлкімен бірге тура санайық. Түлкі төмен түседі. Түлкімен бірге кері санайық. Суретті қара. Баспалдақта қанша саты бар? Әрі қарай, 1-ден 10-ға дейінгі цифр салынған карточкалар орналастырайық. Кері санайық

-Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті

«Секіріп сана»

Музыка әуенімен сандарды секіріп санау.

Топпен жұмыс

1-топ Алғырлар тобы

«Жоғалған санды тап»

2-топЖүйріктер тобы

Әуе шарларын ретімен сызып қос. Балалар шарларды рет-ретімен өз бетімен сәйкестендіріп сызады.

3-топ Тапқырлар тобы «Санның көршісін тап»

Ойын: «Допты ұста?»

Мақсаты: Сандарды шапшаң санауға үйрету.

Баспалдақ кірпіштерін тиісті түспен бояу.Допты лақтыру арқылы ,сандарды тура,кері санау.

Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле. Балалармен бірге ойын арқылы орындау.

Қорытынды: « Көңілді сандар» ойынымен іс-әрекетін қорытындылап, балаларды мақтап, мадақтаймын.



Жануарлар әлемі



Байназарова Әлия Серікқызы
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бекбауыл елді мекені
№65 орта мектептің мектепалды сынып педагогы

Ұйымдастырылған іс – әрекет «Қоршаған әлеммен танысу»

Ұйымдастырылған іс – әрекеттің тақырыбы: Жануарлар әлемі

Мақсаты: Балаларды жануарлар әлемімен таныстыру.

Жануарларды: үй жануары және жабайы жануарлар деп ажырата білуге үйрету. Табиғатқа жануарларға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер (ит, мысық, сиыр, жылқы, арыстан, қасқыр, аю, қоян), ойыншық жануарлар

Ұйымдастырылған іс – әрекеттің барысы:

Шаттық шеңбері


«Біз бақытты баламыз»


Кел, шеңберге тұрайық,
Қолымызды ұстайық!
Күлімдейік күлейік,
Тату болып жүрейік!

“Пазл” әдісі

Әр топқа пазл түрінде суреттер таратамын. Балалар пазлдарды біріктіріп құрастырады. Құрастырған соң,суретте не шыққанын айтады.







- Балалар суреттерді бір сөзбен калай айтуға болады?
- Жануарлар

-Дұрыс айтасыңдар балалар бүгін біз «Әлем жануарларымен танысамыз»

Тамаша балалар, тақтаға назар аударып, Әлем жануарлары туралы біліп алайық.

ЖИ (жасанды интелект) Әлем жануарлары

Кітаппен жұмыс

Түсіндірме жұмысы

❖ Балалар, жануарлар тірі ме?

✧ Жануарлар жанды табиғатқа жатады. Олар қозғалады, жүреді, қоректенеді, өседі, демалады.

✧ Суреттерден басқа елді мекендейтін жануарларды атайықшы.

ЖИ (жасанды интелект) Арыстанның сөзі

«Көлеңкесін тап» (топпен жұмыс)

1 – ші топ: Үй жануарларының көлеңкесін табады
2 - ші топ: Жабайы жануарлардың көлеңкесін табады
3 – ші топ: Орман жануарларының көлеңкесін табады

Сергіту сәті:
«Кел билейік» жаттығу жасау
“Даусынынан жануарды тап” ойыны

Жұппен жұмыс

Дене бөліктерін қай жануарға тиесілі екенін сәйкестендіру. Сызып қосу

Тақтамен жұмыс, жеке жұмыс

«Жануарлардың ізін тап» ойыны
Тақтаға ілулі тұрған жануарлардың іздерін табу керек.

Керемет жарайсыңдар! Бүгін біз аң патшасы Арыстанның барлық тапсырмаларын кідірмей орындадық!Әлем жануарлары туралы білдік.

Жарайсыңдар балалар!

Ұйымдастырылған іс – әрекетті қорыту:

- Бүгін не туралы білдік?
- Жануарлар қайда өмір сүреді?
- Жануарлар тірі ме?

Бүгін сабақ ұнаса - қоянша секіреміз
Сағаң аздап ұнаса - аюша қорбаңдаймыз

1-5 сандары. Тура және кері санау

Нуртаева Рита Абдуллаевна
№73 орта мектебі КММ МАД сыныбы

Бөлім: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.
Тақырыбы: 1-5 сандары. Тура және кері санау.
Мақсаты:Білімдерін тиянақтау.
Білімділік: Баланың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімін тиянақтау, геометриялық пішіндерді танып,ажырата білуін жетілдіру,қарапайым сан мен санау түсініктерін қалыптастыру,апта күндерін ажырата білуге үйрету.
Тәрбиелік:Ойынның шартын сақтап ойнауға, ұйымшыл, көпшіл, шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу.
Дамытушылық:сандарды тура,кері санауға үйрету,логикалық ойын арқылы баланың қиялын,ой-өрісін,есте сақтау қабілетін дамыту.
Қажетті көрнекіліктер:сандықша, геометриялық пішіндер,тура,кері санауға арналған сандар,алма ағашының макеті,шығармашылық ойынға арналған пішіндер салынған кілемшелер,алманың муляжы ,слайд.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Педагог балалармен шаттық шеңберін құрады. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің ісі ғой Ал,кәнекей,бәріміз Сәлем,-дейік үлкенге Қайырлы күн,қонақтар. Қайырлы таң, балалар. Балалар орындарына отырады.	Балалар шаттық шеңберге тұрып, бір-біріменсәлемдеседі.
Ұйымдастыру-іздестіру	-Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгіліндегі айларды атаңдар? Балалар мен мектепке келе жатқанда бір сандықша тауып алдым. Оның ауызында үлкен құлып бар екен. Ол құлыпты ашу үшін бізге тапсырмалар жасырыпты. Сол тапсырманы орындасақ құлып ашылады екен. Қане, тапсырманы орындаймыз ба? 1 - тапсырма. Бір аптада неше күн бар? -Біздің балаларда апта күндерін айтып береді. 2 - тапсырма 1 - ден 5 - ке дейін тура, кері санап бер. 3-тапсырма Геометриялық пішіндерді атаңдар.	-Көктем мезгілі. - Наурыз, сәуір, мамыр Жарайды, орындаймыз -Бір аптада жеті күн бар. Жауабы: Бір аптада жеті күн бар. Дүйсенбіде доп ойнадым далада Сейсенбіде серуен құрдым қалада Сәрсенбіде сурет салдым сәндетіп Бейсенбіде би биледім әндетіп Жұма күні жидек тердім ағаштан Сенбі күні кино көрдім клубтан Жексенбіде үйде болдым дем алдым Осылайша өте шықты бір апта. - 1 2 3 4 5 5 4 3 2 1 Үшбұрыш, төрт бұрыш, дөңгелек, тік төртбұрыш, сопақша 1-ден 5-ке дейінгі сандарды орналастыру

	Ойын: Көршісін тап	0 алма.
	3 - тапсырма. Алма ағашта бес алма Қандай тәтті жесе алма, Бесеуінде жеп қойсаң Қалады онда неше алма.	-Үш қонжық.
	Тәрбиеші: Балалар мен сендерге осындай есеп айтайын кім шешеді екен? Төрт қонжық орманда Келе жатты қорбандап Біреуі шаршады Әрмен қарай бармады. Нешеуі кетті алға. Жарайсыңдар!	Бір дегенің бесік, Содан шықтық өстік. Екі дегенің елім, Өзен тауым көлім Үш дегенім үміт, Үміт артар жігіт Төрт дегенім төзім, Төзе білім өзім Бес дегенім бақыт, Бағалайтын уақыт.
	4 - тапсырма. 1 - ден 5 - ке дейін санамақ айтып бер.	
	Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста Емін - еркін тыныста Оң қолыңды соз алға Қол ұшына қарада Үшбұрыш сыз ауада Сол қол босқа тұрмасын Шеңбер жасап тынбасын.	Балалар педагогпен бірге қосылып, қимыл-қозғалыс жасайды. Балалар өлеңге сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды.
	5 - тапсырма. Балаларға логикалық сұрақ: Айгүлдің мамасы дүкеннен екі төртбұрышты доп сатып әкелді. Оның біреуін бөпесіне берді. Нешеуі қалды?	-Біреуі қалды.
	Ағашқа бес торғай қонды, оның екеуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды?	-Ағашта үш торғай қалды.
	6 - тапсырма. Балаларға шығармашылық ойын: «Кілемшені толтыр»	Сандар шығып тақпақтарын айтады. Балалар тапсырманы орындайды.

Рефлексивті – түзетушілік	қуаныштымын. Сіздерге ризамын. Сандықтың есігі ашылды. Дәмді конфеттер үлестіру Осымен бүгінгі «ғажайып математика» атты ұйымдасқан іс - әрекетіміз аяқталды. - Балалар: Қол ұстасып тұрайық - Шеңберді біз құрайық. - Көріскенше күн жақсы, - Сау саламат болайық!	-Ұнады. Тәттілерге қуану Балалар педагогпен қосыла шеңбер құрып тұрып, қонақтармен қоштасады.


Күтілетін нәтиже:
Нені біледі: Балалар геометриялық пішіндерді атайды
Нені игерді: Дамытушы ойындар арқылы ой қабілеттерін дамыту. Сандарды ажыратуды, кері тура санауды, сұрақтарға дұрыс жауап беруді игерді.
Нені меңгерді: Геометриялық пішіндерді ажыратуды .

Заттар тобын санау және салыстыру



Косымбаева Сарагул Карасаевна
№220 орта мектеп КММ Мектепалды даярлық сынып педагогы, педагог-модератор

Білім беру ұйымының атауы	№ 220 орта мектебі
Ұйымдастырылған іс- әрекет	Математика негіздері
Педагогтің аты-жөні:	Косымбаева.С
Сынып:	Мектепалды « б» сынып
Ұйымдастырылған іс- әрекет тақырыбы:	Заттар тобын санау және салыстыру
Оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылған іс- әрекет міндеті:	Заттар тобын санау және салыстыру (көп,аз,тең) ұғымдарын меңгерту.Салыстыру арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі	Заттарды санайды, топтағы заттарды салыстырады. Көп,аз,тең ұғымдарын қолданады. Сұрақтарға жауап береді.
	Ұйымдастырылған іс- әрекет барысы

Ұйымдастырылған іс- әрекеттің жоспар-ланған кезең-дері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Ұйымдастырылған іс- әрекет басы 2 минут	Психологиялық дайындық. Балалармен амандасу Балалардың сабаққа қажетті оқу құралдарын даярлату. Шаттық шеңбер: «Сен күштісің бе?» Мен күштімін! Мен мықтымын! Мен ақылдымын! Бүгінгі күнге сәттілік!	Педагогпен сәлем-деседі. Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру	Өте жақсы Жарайсың	
2 минут 2 минут	II Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. Бүгін біз не үйренеміз? Санауды білесіңдер ме?	Сұрақтарға жауап береді	Ауызша мадақтау Жарайсың! Керемет!	

Ұйымдастырылған іс- әрекет ортасы 2мин 6минут   6минут   <

25 қазан – Республика күні!



Карсакбаева Акзада Ибрагимовна
Мектепалды сынып педагогы

Білім беру дағдылары: «Әлеуметтік», « Коммуникативтік», «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған іс- әрекет: Қоршаған әлеммен таныстыру
Тақырыбы: «25 қазан – Республика күні!».
Міндеті: 1. Балаларға Республика күні мерекесі туралы түсінік беру.
2. Мемлекеттік рәміздерді (Ту, Елтаңба, Гимн) таныстыру және құрметтеуге тәрбиелеу.
3. Отанына деген сүйіспеншілігін, мақтаныш сезімін ояту.
4. Ән айту, қимылдау, сурет салу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Көрнекі құралдар: Қазақстан Республикасының картасы,Астана туралы фото-көрме (жүрекшелер тілектермен),буклеттер,рәміздер президенттің суреті, Астана қаласының суреттері,
Сөздік жұмыс: Отан, Астана, Тәуелсіз. Республика

Әрекет кезеңдері	Педагогтің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Шаттық шеңбері. Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап Жүрейікші жараса Сәлем саған жер Ана! Сәлем саған Нұрлы күн! Аман есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Өте жақсы, балалар! Осы жақсы көңіл күйімізбен бүгінгі ұйымдастырылған іс- әрекетін бастайық. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -күз мезгілінде неше ай бар? - күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар?	Шаттық шеңберге тұрады,жылы тілектерді қайталап айтады. - Күз мезгілі - үш ай бар - кун суытады,жаңбыр жауады,жапырақтар сарғайып жерге түседі т.б
Ұйымдастырушы-Іздену	--Балалар Отан деген сөзді қалай түсінуге болады? Республика күні — еліміздің ең басты мерекелерінің бірі. Тәуелсіз ел деп-өзінің президенті, Туы, Елтаңбасы, Гимні бар деп атайды. . Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер. -Қазақстан республикасының президенті кім? -дұрыс айтасыңдар. - мына суреттер не көріп тұрысыңдар?    -тудың түсі қандай? -Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген , ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген. Мысалы, үлкен теңіз, мұхиттарда көп кемелер жүзіп барады. Олар өздерінің қай елден екенін білдіру үшін мемлекеттік Туын іледі. Әртүрлі спорттық жарыстарда, олимпиадаларда спортшылар өз елінің туымен шығады. Барлық елдерде біздің елшілігіміз бар. Сол елшіліктердің төбесіне ҚР Туы ілінеді. Спортшылар жеңіске жеткенде сол елдің туы желбіреп, гимні орындалады. Рәміздерді барлық жерге ілуге болмайды. Мемлекеттік маңызы бар жерлерде ғана ілінеді.	- Отан- ол біздің еліміз,жеріміз,туымыз,табиғатымыз,айналадағы қоршаған ортамыз. Қасымжомарт Тоқаев Інжу «Қазақстан» туралы айтып береді Асылым Нұрперзент тақпақтарын айтып береді Көгілдір Елтаңба Бәйтерек Астана қаласы Қазақстанда Астана бас қала

	-Мынау қазақстанымыздың мемелкеттік ел таңбасы. -елтаңбаның негізі шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі. Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізгі– отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Ал бес жұлдыз барлық жер шарына құшағымыздың ашықтығын білдіреді. Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу республиканың атын көрсетеді. Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес. Гимн – мемлекеттің салтанатты әні. Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы –Гимн. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгіөмірі мен келешек арманы айтылған. Гимнді түрегеліп тұрып, жүректің тұсына оң қолын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.Гимннің сөзін Қазақстан Республикасының әр азаматы жатқа білуі тиіс. Мемлекеттік Әнұранның авторы Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жұмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл Гимннің сөзі республикамыздың барлық халықтарының жүрегіне жақын, жұрттың бәрінің көңілінен шыққан, терең отаншылдық сезімдегі ән.   Астана қаласы бұрын Ақмола деп аталған. Астана қаласы Есіл өзенінің жағасында орналасқан. Қала қазір Астана деп аталады. Қазір қаланың көшелері кең, зәулім ғимараттар салынған. Көрнекті жерлері өте көп. Мысалы: «Астана-Бәйтерек» монументі. Биіктігі – 97 метр. Бәйтерек кешені үш бөліктен тұрады. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тапқан. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. Ұшар басында алтын шар орналасқан. Бұл – Астанадағы халық көп баратын нысан. - Балалар Отан туралы қандай тақпақтарымыз бар білетін? - Мақал –мәтелдеріміз? Сергіту сәті: Тәуелсіз елдің тірегі(қолдарын жоғары көтереді) Біз боламыз жүрегі (қолдарын жүректеріне қояды) Артқа қадам баспаймыз Тек алға-алға бастаймыз Қыран құстай қалықтап (құс болып ұшады) Болашаққа самғаймыз . Дидактикалық ойын: «Рәміздерді таны» Мақсаты: Балалардың рәміздерді ажырату дағдысын бекіту. Тәрбиеші: Мен суреттер көрсетемін. Қайсысы Ту, қайсысы Елтаңба, қайсысы Әнұран екенін айтыңдар. Балалар суреттерді таңдап, аттарын атайды. Шығармашылық жұмыс: «Менің Туым» Балалар тудың суретін салады. Әр бала өз туын көтеріп көрсетеді. Ойын: Пазыл құрастыр «Қазақсан картасы» Міне мынау – Қазақстанның картасы. Кең байтақ Қазақстан. Ол – жерге де, елге де бай мемлекет, себебі Қазақстанда көптеген байлықтар бар: мұнай, темір, көмір, күріш, мақта, астық-бидай. Балалар сендер өз елдеріңді сүйесіңдер ме? -балалар сендер қай елде тұрасындар? -қазақстанның бас қаласы қай қала?	Өйкені біз отбасында тәрбие алып өсіп келеміз,отанды сүюге ата-анамыз үйретеді Тәуелсіз ел Балалар:Ту,Елтаңба,Гимн Балалардың тақпақтары Айжұлдыз ,Аяна,Нұртуған,Асия, Нұрайым Ойынға белсене қатысуы Шығармашылық жұмыстың орындалуы Қазақстан картасын құрастырып, жүрекшелерін тілек айтып жапсырады. Астана

	Педагог : Ендеше сол еліңе. Туған жеріне қандай тілек білдіргілерін келеді? Міне менде әдемі қорапша, ол жай қорапша емес, сиқырлы қорапша, оның ішінде жүрекшелер бар, осы жүрекшелерді алып маған көрсетіңдер, мен сендердің тілектердіңді оқып беремін. 1.Отанымыз аман-тыныш болсын! 2.Аспанымыз ашық болсын! 3.Балалардың жүздерінен күлкі кетпесін! 4.Күніміз жарқырап тұрсын! 5.Астана көркейе берсін! 6.Президентіміз аман болсын! Педагог : Сендер Қазақстанның картасына сол тілектерді жапсырып қойыңдар. Сендердің тілектерің орындалады. Ән: «Менің елім – Қазақстан» (бәрі бірге орындайды) Шаңырақты құрамыз. «Отан – оттан да ыстық», - деп айтады ғой. «Отанды қорғайтын сендерсіңдер. Отанды сүйіп, құрметтеңдер». «Ел байлығын, жер байлығын, егеменді елімізді сақтайтын – сендерсіңдер». Сендерге оқу іс- әркеті ұнады ма? Осымен біздің ұйымдастырылған іс- әркетіміз аяқталды. Барлық тәрбиеленушілер жақсы қатыстыңдар. Рахмет!	
Рефлексті-түзету	Бүгінгі ұйымдастырылған іс- әркетінде біз не туралы әңгімелестік? — Бүгін қандай мереке туралы білдік? — Біз Қазақстанды жақсы көреміз бе? -балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс- әркеті сендерге ұнады ма?	Қазақстан тәуелсіз ел туралы

Күтілетін нәтиже:
- Балалар Республика күні туралы біледі;
- Мемлекеттік рәміздерді таниды және құрметтейді;
- Туған елге деген сүйіспеншілік сезімі артады;
- Қолмен жұмыс, ән айту, ойын арқылы белсенділік танытады.



Мектепалды сыныбында ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде дидактикалық ойындар арқылы тіл дамыту

Койбагарова Салтанат Баймаганбетовна
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ескіұра ауылы «№281 негізгі мектебі» КММ Мектепалды сынып педагогы

Кіріспе

Бала жасында тіл дамуы – ойлау, есте сақтау, сөйлеу мәдениеті және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі. Мектепалды даярлық кезеңінде балалардың тілдік қабілеттерін дамыту – олардың болашақ оқу жетістіктері мен әлеуметтік бейімделуінің негізі. Бұл бағытта дидактикалық ойындар тиімді құрал ретінде қарастырылады, себебі ойын балалар үшін қызықты және мотивациялық орта құрады.

Ойын барысында бала белсенді түрде қатысады, өз ойын білдіреді, сұрақтарға жауап береді, сөйлеу дағдыларын практикада қолданады. Дидактикалық ойындардың басты мақсаты – сөздік қорын кеңейту, сөйлем құрылымын меңгерту, грамматикалық ережелерді жеңіл жолмен үйрету.

Негізгі бөлім

1. Дидактикалық ойындардың мәні мен ерекшеліктері

Дидактикалық ойын – бұл балалардың белгілі бір білім, дағдылар мен қабілеттерін дамытатын ұйымдастырылған іс-әрекет түрі. Ойындардың ерекшелігі – ойлау мен сөйлеу қабілетін бір мезгілде дамыту.

Ойын түрлері:

• Сөздік ойындар: жаңа сөздерді меңгерту, ұғымдарды сәйкестендіру (мысалы, суреттермен сөз сәйкестендіру).

• Әңгімелесу ойындары: рөлдік ойындар арқылы диалогқа қатысу, сөйлеу дағдыларын дамыту.

• Құрама ойындар: сөздерді дұрыс орналастырып сөйлем құру, логикалық ойлауды дамыту.

2. Тіл дамытудағы дидактикалық ойындардың педагогикалық тиімділігі

1. Сөздік қорды кеңейту: Балалар жаңа сөздерді көрнекі құралдар арқылы есте сақтайды, олардың мәнін контекстте қолданады.

2. Сөйлеу мәдениетін дамыту: Балалар ойын барысында сұрақтарға жауап беруді, ойларын жүйелі жеткізуді үйренеді.

3. Логикалық ойлауды қалыптастыру: Дидактикалық ойындарда тапсырмаларды орындау балаларға логикалық байланыстар жасауға мүмкіндік береді.

4. Әлеуметтік дағдыларды жетілдіру: Рөлдік ойындар арқылы балалар өзара қарым-қатынасқа түсіп, тіл арқылы өз ойын білдіруді меңгереді.

3. Практикалық ұсыныстар

Мектепалды даярлық тобында дидактикалық ойындарды ұйымдастыру үшін бірнеше әдіс ұсынылады:

• Суреттермен жұмыс: Балаларға түрлі суреттер көрсетіп, олардан заттардың атын сұрау, сипаттау.

• Сөзжасау ойындары: Берілген әріптерден сөз құрау, сөйлем құрастыру.

• Рөлдік ойындар: “Дүкен”, “Мейрамхана”, “Аурухана” сияқты сценарийлер арқылы диалог жүргізу.

• Топтық ойындар: Балаларды 2-3 адамнан топқа бөліп, сұраққа жауап табу, тапсырманы орындау.

Қорытынды

Мектепалды даярлық тобында дидактикалық ойындар арқылы тіл дамыту – педагогикада маңызды әдіс. Бұл әдіс балалардың сөздік қорын кеңейтеді, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады, логикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Ойын арқылы білім беру процесі қызықты, тиімді және есте қаларлық болады.

Балалардың тілін дамытуға арналған дидактикалық ойындарды жүйелі түрде қолдану – олардың болашақ мектептегі оқу жетістіктеріне маңызды әсер етеді.













Бала дамуындағы ойындардың маңызы мен ерекшелігі



Таласбаева Зибагуль Баракбаевна
Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті №177 орта мектебінің мектепалды сынып педагогі

Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді, дамиды, қалыптасады.

Адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі – ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында байқалатын көрініс шындықтың көрінісі. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты.

Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін барынша еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеттерін байқатады. Ойын ойнау арқылы балалардың танымдық процестері: сезіну, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік, қабылдау, естің дамуы артпақ. Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады.

Бала ойын арқылы өзін бөлеген қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Жалпы айтқанда тәрбие жолы, тәлімдік өнеге ойыннан бастап өрбиді. Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру-оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді».

Мектеп жасына дейінгі баланың ойын іс-әрекетін белсендіру, кеңейту мен байыту үшін мектепке дейінгі ұйымда арнайы заттық дамытушы ортаны оңтайландыру жолға қойылды. Мұны негіздеу үшін: сертификатталған сарапшылар ECERS-3 шкаласының көмегімен бақылаулар жүргізді. Жүргізілген зерттеу бойынша нәтижелер, яғни бірнеше көрсеткіштер айқындалды. Соның ішінде атап айтсам:

• «Ойын алаңын ұйымдастыру» көрсеткіші бойынша кеңістікті аймақтарға бөлудің болмауы, балаларды ерте дамыту үшін қызығушылық орталықтарының болмауы немесе олардың талапқа сай ұйымдастырылмауы;

• «Рөлдік ойындар» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың көпшілігінде рөлдік ойындарға арналған материалдар, ауыстыратын киімдер, арнайы ойыншықтардың, күрделі рөлдік ойындарды ойнауға материал мен уақыттың жеткіліксіздігі;

• «Еркін ойын» көрсеткіші бойынша бақылау барысында еркін ойын мектеп жасына дейінгі балаларға жеткіліксіз немесе жоқ екендігі, сондай-ақ педагогтердің балалармен өзара әрекет ету және үйрету үшін еркін ойын мүмкіндіктерін пайдаланбайтыны, еркін ойын болған жағдайда педагогтердің ойынға қосылмауы, өзін алшақ ұстауы;

• «Топтық сабақтар және оқыту» көрсеткіші бойынша топтық іс-әрекеттер мазмұнының балалардың даму деңгейіне тым қарапайым болуы, педагогтің сабақтың тақырыбын балалардың өмірімен және олардың тәжірибесімен сирек байланыстыруы, көбінесе оқыту мен балалардың тәжірибесінің байланыспауы айқындалды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның ішінде: тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар

әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды дамытуда ойын арқылы оқыту педагогтер үшін мықты құрал. Себебі, бала бойында қалыптастырылатын дағдылар ойын арқылы оқыта отырып жүзеге асырылса ықпалды болады. Бала ойын ойнау кезінде қарым-қатынас диалектикасын, эмоционалдық тұрғыдан дамуға, әлеуметтік мәдени құндылықтарды игеруге, денсаулықты жақсартуға, мақсатқа жетуге, танымдық процестерінің артуына мүмкіндік алады. Бала дамуында ойынның атқаратын негізгі қызметтеріне тоқтайын:

- көңіл көтеру;
- коммуникативті;
- өзін-өзі көрсету;
- емдеу;
- диагностикадық;
- түзету функциясы;
- ұлтаралық коммуникация;
- әлеуметтендіру функциясы.

Ойынға тән ерекшеліктер:

- еркін дамитын іс-әрекет, нәтижеден ғана емес, іс-әрекет процесінен ләззат алу үшін баланың қалауымен ғана орындалады;
- шығармашылық;
- іс-әрекеттің эмоционалдық көтеріңкілігі;
- тікелей және жанама ережелер.

Ойын арқылы оқыту қызықты, шұғылданатын әрекет болуы мүмкін әрі тиіс. Ойын іс-әрекет ретінде қарапайымнан бастап күрделіге дейін мінез құлық пен барлық психикалық процестердің қалыптасуына әсер етеді. Ойын барысында балалар жақсы шоғырланады,ересектердің тікелей тапсырмасына қарағанда, жақсы есте сақтап қалады. Ойынға педагогикалық басшылық жасаудың негізгі мақсаты – баланың қиялын дамыту, балалардың өздігінен барынша өнертапқыш, шығармашыл болуына жағдай жасау. Ойынның әрбір түрі өз мақсаты мен міндеттеріне жауап беріп, топ бөлмесінде ойын кеңістігінің ұйымдастырылуын анықтайды. Ойын дегеніміз өмірді бейнелеп көрсету ғана емес, ол баланың өз орнын анықтау мен өзін көрсетуге мүмкіндік беретін өте маңызды қызмет. Ойын түрлеріне қатыса отырып, бала өзіне жақын келетін, әлеуметтік таңдауына сай келетін кейіпкерлерді таңдайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ойынға тарту– мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің міндеті. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуындағы ойынның маңыздылығы көп қырлы және даусыз. Ойын әрекеті қарапайымнан күрделіге дейін мінез-құлықтың еріктілігін және барлық психикалық процестерді қалыптастыруға әсер етеді. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың психикалық дамуына әсер етеді - ауыстырмалы заттармен әрекет ете отырып, бала болжамды, шартты кеңістікте әрекет ете бастайды. Балалар ойынындағы тәрбиешінің ұстанымдары:

Балалар ойынына қатысты тәрбиешінің позициясының үш нұсқасын шартты түрде анықтауға мүмкіндік береді (Смирнова Е.О., Рябкова И.А., 2013):

1. Оқшауланған позиция.

Педагог балалардың ойнауына мән бермейді, өзінің ересек істерімен айналысады. Балалардың ойынына немқұрайлылық, қызуғышылық танытпайды: «Қалауынша ойнасын» деген ұстанымда болады. Балаға әсер етудің вербальды түрлерін қолданады мінез-құлқын дұрыстауға шақырады, кінәлілерді жазалауға уәде береді. Өзара әрекеттестіктің эмоционалдық фоны бейтарап немесе тітіркендіргіш.

2. Дидактикалық позиция.

Орындаушы - тәрбиешінің рөлі балаларды ойынға үйретуге бағытталған. Бағдарламаны мүлтіксіз орындап, балаларды үнемі оқытып, олардың іс-әрекетіне бағыт-бағдар беріп отырады. Ойынның мәнін түсіне отырып, мұндай тәрбиеші ойынды да басқарады: рөлдерді бөледі, ойынның сюжетін анықтайды, қалай дұрыс ойнау керектігін, кімге және не айту керектігін ұсынады.

2. Қолдаушы позиция.

Педагогтің қолдаушы позициясы балалардың ойындағы бастамасын қолдауға бағытталған. Бұл позиция тәрбиешінің екі жақты рөлін білдіреді: ол ойын барысында серіктес те, ұйымдастырушы да. Ересек адамның қатысу дәрежесі мен сипаты жағдайға және балалардың ойын дағдыларына байланысты. Егер балалар әлі де ойнауды білмесе, педагог жоғары деңгейлі ойындардан мысалдар келтіреді: ол оларға жаңа рөл атынан сөйлейді, рөлдік позицияны қабылдауға және сақтауға, ойыннан жаңа нәрсені көруге көмектеседі. Қорыта келгенде, ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Білімді ел. Сюжетті – рөлдік ойынның бала тәрбиесіндегі алатын орны.

М. ҚАБЫЛОВА,«Бөбек» ҰҒПББСО

2. Абдраманова, Г. Б. Сюжеттік–рөлді ойындар және оны ұйымдастыру әдістемесі / Г. Б. Абдраманова, Г. О. Байзулдаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 7.2 (87.2). — С. 39-42. — URL: https://moluch.ru/archive/87/17225/ (дата обращения: 24.02.2023).

3. Выготский Л.С. Игра и ее роль в пси- хическом развитии ребенка // Вопросы психо- логии. – 1966. – №6. – С. 5–15.

Дара және күрделі етістік



Нұрғалиева Жанерке Бақытбекқызы
Абай облысы, Семей қаласы №46 жалпы орта білім беретін мектебінің Бастауыш сынып мұғалімі

Ашық сабақтың қысқа мерзімді жоспары

Бөлім	Қоршаған орта	
Педагогтің Т.А.Ә.	Нұрғалиева Жанерке Бақытбекқызы	
Күні:	08.04.2026ж	
Пәні:	Қазақ тілі	
Сынып: 2 «Ә»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	110-сабақ «Дара және күрделі етістік»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; 2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау.	
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды; Дара және күрделі етістіктерді ажыратады. Құстар түрлерін ажыратады.	
Құндылық	ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК: Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: 2 минут	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру: Мақсаты: Балалардың ынтасын сабаққа аудару, зейіндерін шоғырландыру. Үлкенге де сіз Кішігеде сіз Барша жанды құрметтеп Бас иеміз біз!	– өлең жолдарын хормен, мәнерлеп айтады; – сабаққа қызығушылық танытып, зейінін шоғырландырады; – өзіне сенімділік қалыптастырып, белсенді қатысуға ынталанады.	Керемет! ҚБ: Мұғалімнің ауызша мадақтауы үздіксіз жүріп отырады.	презентация
Алдыңғы білімді тексеру 3 минут Жаңа сабақ 5 минут	Ой қозғау «Кім жылдам?» ойыны https://wordwall.net/ru/resource/89879871 ссылкасы арқылы сұрақтарға жауап береді Сабақтың тақырыбы: «Дара және күрделі етістік» Сабақтың мақсаты: мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды; дара және күрделі етістіктерді ажыратады; құстардың түрлерін ажыратады тақтадағы көрнекіліктер арқылы сабақты түсіндіремін. Дәптермен жұмыс Көркем жазу Бб әріпі Білім Бүркіт	Өткенді пысықтай отырып, сабақтың тақырыбын ашады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады Көрнекіліктер арқылы жаңа сабақпен танысады.	ҚБ: Мұғалімнің ауызша мадақтауы үздіксіз жүріп отырады. ҚБ: «Бүркіт» әдісі	https://wordwall.net/ru/resource/89879871 Презентация

Тема урока:	Определение классической вероятности. Статистическая вероятность	
Цели обучения в соответствии с учебной программой:	9.3.2.3 знать классическое определение вероятности и применять его для решения задач;	
Цели урока:	Учащийся: - знает классическое определение вероятности - применяет его для решений задач	
Критерии оценивания:	Обучающийся: - различает элементарное событие от неэлементарного - умеет применять классическое определение вероятности для решении задач	
Привитие ценностей	Умение эффективно планировать свое время и вкладывать усилия для достижения и улучшения результатов любой деятельности.	

Ход урока

Этап урока/ Время	Действия педагога	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы
Организационный момент. / 2 мин	Приветствует учеников. Проверка готовности к уроку. Для создания психологической «Пожелание друг другу». Деление на группы по номерам1,2,3	Приветствуют друг друга. Говорят пожелания учителю и друг другу. «Я буду готовиться, и однажды мой шанс придет» Авраам Линкольн «Успех обычно приходит к тем, кто слишком занят, чтобы его искать» — Генри Дэвид Торо		карточки 1,2,3
Актуализация знаний/ 5 мин.	Организует актуализацию требований к ученику с позиции учебной деятельности. **Задание№1**Определите, какие из этих событий являются: 1) случайными, 2) достоверными, 3) невозможными. Имеется набор карточек с однозначными числами от 0 до 9. Наугад достается одна карточка. Рассматриваются следующие события: А) вынута четная цифра; Б) вынута нечетная цифра; В) вынута цифра 8; Г) вынута цифра от 1 до 9; Д) вынута цифра меньше 5; Е) вынута цифра больше 5; Ж) вынуто однозначное число; З) вынуто двузначное число; И) вынута цифра 0; К) вынута цифра не больше 9. Объясните свой ответ.	Отвечают по одному с каждой группы Критерий оценивания: знает понятия:событие, случайное событие, достоверное событие, невозможное событие, благоприятствующие исходы, равновозможные и противоположные события. Обратная связь: **«Сигнальные карты» (верно – синий цвет; не верно – красный цвет)**	ВЗО, СО	Презентация https://canva.link/e1aeh6dyhg6cn2f

Введение в тему (целеполагание)/ 3 мин.	Создает условия уч-ся для включения в учебную деятельность. Мозговой штурм	В классе 25 учеников. Какова вероятность того, что к доске вызовут к доске девочку, если в классе мальчиков 13? Как вы думаете, как можно решить такую задачу?	Устная похвала	
	Знакомит с темой и целью урока.	Принимают участие в постановке темы (цели) урока. Осмысливают поставленную цель.		
Изучение нового материала/ 7 мин.	Организует реализацию поставленной цели. Объясняет на примере вычисление вероятности Пример1 Вероятность события А -"выпадет "орел" и события В -"выпадет "решка" можно записать так: P(A)=1/2=0,5 P(B)=0,5 или в процентах P(A)=50% и P(B)=50% Фронтальная работа Задача 1 Найдите вероятность выпадения цифры 3 при бросании игрального кубика. Решение: По формуле P=m/n, находим число благоприятствующих исходов m=1, общее число исходов n=6, тогда P=1/6 Ответ: 1/6	***Вероятностью события*** А называют отношение числа m благоприятствующих этому событию исходов к общему числу n всех равновозможных несовместных элементарных исходов, образующих полную группу P(A)= **Свойство 1.** Вероятность достоверного события равна единице **Свойство 2.** Вероятность невозможного события равна нулю. **Свойство 3.** Вероятность случайного события есть положительное число, заключенное между нулем и единицей. Итак, вероятность любого события удовлетворяет двойному неравенству $0 \le P(A) \le 10 \le P(A) \le 1$. **Суммой** событий А и В называется событие А+В, которое состоит в том, что наступит **или** событие А, **или** событие В, **или** оба события одновременно. **Произведением** событий А и В называется событие **А•В**, состоящее в совместном осуществлении событий А **и** В ***То есть вернемся к задаче: какова вероятность того, что вызовут к доске девочку:*** m=25-13=12 благоприятствующих этому событию исходов к общему числу n=25 всех равновозможных несовместных элементарных исходов, образующих полную группу P(A)== Статистическая вероятность события Статистической вероятностью события А называется относительная частота появления этого события в n испытаниях.		

<table>
<tr>
<td>Закрепление темы
7 мин.</td>
<td>Создает условия для формирования внутренней потребности каждого ученика и включение в учебную деятельность.

Фронтальная работа</td>
<td>Задача 1. В партии из 100 деталей отдел технического контроля обнаружил 5 нестандартных деталей. Чему равна относительная частота появления нестандартных деталей?
Решение.
w = 5/100 = 0,05
Ответ: w = 0,05.
Задача 2. Задача по учебнику №31.1 При бросании кубика выпадает одна из цифр от 1 до 6 найдите вероятность события: 1) выпадет цифра 2; 2) выпадет цифра 1 или 2; 3) выпадет цифра 4 или 6; 4) выпадет нечетная цифра
Ответы: 1) 1/6 2)1/3 3) 1/3 4) 1/2
Дескриптор:
- знает классическое определение вероятности .
-знает формулу нахождения классического определения вероятности .
- применяет его для решений задач
Обратная связь–Взаимообмен</td>
<td>ВЗО</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Закрепление изученного материала/ 15 мин.</td>
<td>Организует усвоение учениками нового способа действий с проговариванием во внешней речи.
Групповая работа/6 мин
Группа 1 №31.2/а В урне 2 белых и 5 красных шаров. Найдите вероятность того, что извлеченный шар окажется:1) белый; 2) красный; 3) зеленый
Группа 2 №31.2/а В урне 4 красных и 7 синих шаров. Найдите вероятность того, что извлеченный шар окажется:1) красный; 2) не белый; 3) синий
Группа 3 В руках у Дамира 2 красных, 5 синих и 3 белых воздушных шара. Внезапно один шар лопнул. Какова вероятность того что лопнувший шар окажется : 1) синий 2) не синий 3) красный

Парная работа №31.4 /4 мин
Стратегия «Думай – работай в паре – поделись в группе»
Ответы:1) 17/25 2) 5/25=1/5
Вызвать одну пару к доске для показания решений.

ФО /5мин
Тест из 7 заданий</td>
<td>Критерий оценивания: знает понятия:событие, случайное событие, достоверное событие, невозможное событие, благоприятствующие исходы, равновозможные и противоположные события.
Дескриптор:
- знает классическое определение вероятности .
-знает формулу нахождения классического определения вероятности .
- применяет его для решений задач

<table>
<tr><th>Дескриптор</th><th>Балл</th></tr>
<tr><td>Находит сумму благоприятствующих событий</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Находит вероятность по формуле</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Верно определяет вероятность</td><td>1</td></tr>
</table>
</td>
<td>ВЗО, СО

СО
От 1-3б

По условию что за верный ответ 1б Ученик получает от1-7 б</td>
<td>Презентация

https://canva.link/e1aeh6dyhg6cn2f

https://wayground.com/admin/assessment/69ea6a37c5068d5672fb5b49?source=lesson_share</td>
</tr>
<tr>
<td>Подведение итогов урока

Домашнее задание/ 2 мин.</td>
<td>Выставление оценок

Суммируем баллы

Дает разъяснение по домашнему заданию. П 31 прочитать

31.3,.№31.5</td>
<td>Дети записывают домашнее задание. Задают вопросы по домашнему заданию. Найти частоту пробелов в любом тексте</td>
<td>Подвести итог, оценивание работ учащихся.

От1 до 10б</td>
<td>дневник</td>
</tr>
</table>

Рефлексия/ 3 мин.	Организует фиксирование нового содержания, рефлексию, самооценку учебной деятельности.	Рефлексия: ИИ Океан сокровищ	СО	Тетрадь, стикеры, https://class-kz.ru/

Тест: Классическая вероятность

1. В коробке лежат 4 красных, 3 синих и 3 зеленых карандаша. Какова вероятность того, что наугад взятый карандаш окажется синим?
- А) 0,7
- Б) 0,3
- В) 0,4
- Г) 1

2. Подбрасывают обычную игральную кость (кубик). Какова вероятность того, что выпадет четное число очков?
- А) 1/6
- Б) 1/3
- В) 1/2
- Г) 2/3

3. В случайном двузначном числе от 10 до 19 включительно выбирают одно. Какова вероятность, что это число делится на 5 без остатка?
- А) 0,1
- Б) 0,2
- В) 0,5
- Г) 0,25

4. В магазине на полке стоят 20 чайников. Известно, что 2 из них имеют скрытый дефект. Покупатель берет один чайник. Какова вероятность, что он окажется исправным?
- А) 0,1
- Б) 0,2
- В) 0,8
- Г) 0,9

5. Мама испекла 15 пирожков: 6 с яблоками, 5 с вишней, а остальные с капустой. Какова вероятность, что выбранный наугад пирожок будет с капустой?
- А) 4/15
- Б) 1/3
- В) 2/15
- Г) 1/5

6. Из букв слова «МАТЕМАТИКА» случайным образом выбирают одну букву. Какова вероятность того, что это будет буква «А»?
- А) 0,1
- Б) 0,2
- В) 0,3
- Г) 0,4

7. В шахматном турнире участвуют 10 игроков. Какова вероятность того, что два определенных игрока (например, Андрей и Борис) встретятся в первом туре, если пары распределяются случайно? (Для решения: у Андрея 9 возможных соперников).
- А) 1/10
- Б) 1/9
- В) 1/2
- Г) 2/10

Ответы для проверки:

1. Б (3 синих из 10 всего: 3/10 = 0,3
2. В (числа 2, 4, 6 — это 3 исхода из 6: /6 = 1/2
3. Б (числа 10 и 15 — это 2 исхода из 10 чисел:2/10 = 0,2
4. Г (18 хороших из 20: 18/20 = 9/10 = 0,9
5. А (капустных: 15 - 6 - 5 = 4 Итого 4/15
6. В (всего 10 букв, буква «А» встречается 3 раза: 10 = 0,3
7. Б (у Андрея есть один конкретный нужный соперник из 9 оставшихся участников:




Аналар мерекесі

Утеулиева Назигул
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Ж.Жабаев атындағы №234 мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы

Білім беру ұйымының атауы	Ж.Жабаев атындағы №234 мектеп
Пәні:	Әдебиеттік оқу
Бөлім:	Демалыс мәдениеті. Мерекелер
Педагогтің аты-жөні:	Утеулиева Назигул
Күні:	18.05.2026 ж
Сынып:	3
Сабақтың тақырыбы:	**№97 сабақ.**Аналар мерекесі. «Ардақты ана»Әнуарбек Дүйсенбиев
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау;
Сабақтың мақсаты	СУРЕТ САЛЫП ЖӘНЕ ӘДЕМІ СӨЗДЕР ЖАЗЫП, ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ ӘЗІРЛЕЙДІ
Құндылық: *(Негізделеме: Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II,III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)*	«АДАЛ АЗАМАТ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ Мамыр айы: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ Апта дәйексөзі: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.» (Төлеби)

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ тың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру 	Өлең жолдарын хормен оқиды	Мақтау,мадақтау арқылы бағалап отыру	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. **Құндылық мақсаты:** Басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижесін қорғай білу	Өткенді пысықтайды	Дескриптор: «Үш бақытым» өлеңін жатқа айтады-1б	Оқулық
Сабақ тың ортасы 20 минут	Өткенді пысықтау «Отанымды сүйемін» «Үш бақытым» өлеңін жатқа айт Жаңа тақырып 1-тапсырма Сөзжұмбақты шеш Әке-бәйтерек Ана-бұлақ Бала-жағасындағы құрақ	Тапсырманы орындайды Тақырыпты түсініп алады	 Дескриптор: Сөзжұмбақты шешеді-1б	Жұмыс дәптері Оқулық

Сергіту сәті 2 минут	ЕБҚ 2-тапсырма Осы нақыл сөзді қалай түсінесің? Ойынды сурет түрінде ұсын. Ана сөзіне әдемі 5 сөз ойластыр ЕҚБ 3-тапсырма Өлеңді достарыңа мәнермен оқып бер ЖИ: «wordwall.» ойыны 4-тапсырма «Ардақты ана» өлеңінің авторы қазақ балалары ақын Әнуарбек Дүйсенбиев 1931 жылы 25 қазанда Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Көптеген өлеңдердің сөзін жазған. Мысалы: «Біз өмірдің гүліміз», «Ағайынбыз бәріміз», «Ақ мамам», «Шырша жыры», «Қуыршақ» өлеңдерінің авторы Әнуарбек атамыз. ФС тапсырмасы 5-тапсырма «Ана қандай?» тақырыбында постер қорға Алдарыңызда берілген қағазға аналарыңызға деген сезімдеріңізді түсіндіріңіздер. Өлең түрінде, сурет салсада болады	Жеке жұмыс жасайды Өлеңді мәнермен оқып береді Автормен танысады Постер қорғайды Тапсырманы орындайды	Тамаша жұмыс! Дескриптор: Өлең авторы туралы мәліметтер біледі-1б  Жарайсыңдар! Дескриптор: «Ана қандай?» тақырыбында постер қорғайды-1б Дескриптор: «Қуаныш» мәтінін жеке оқып шығады-1б	Оқулық Жұмыс дәптері https://word-wall.net/resource/73063577 Жұмыс парақтары Суреттер
Сабақты қорыту **8**минут	Саралау: мазмұнды саралау 6-тапсырма Түсініп оқы «Қуаныш» мәтінін оқып шық 1.Мәтінді жеке оқып, түсініксіз сөздерді белгілейді. 2.Оқушылар мәтінге талдау жасап, сұрақтарға жауап береді. Авторы туралы не білесіңдер? 7-тапсырма « Пікір білдір» әдісі Розаның сыйы анасын қуантты ма ? Сен Розаның орнында болсаң не істер едің? «Қуаныш» әңгімесінен не түсіндің? Топтық жұмыс 8-тапсырма Анаңа, жақындарыңа арнап құттықтау хат әзірле Үйренген сөздеріңді қосуды ұмытпа Үй тапсырмасы 9-тапсырма «Ардақты ана» өлеңін жаттап ал.	Сұрақтарға жауап береді-1б Өз ойлармен бөлісе отырып мәтін мазмұнын ашады Өз пікірін білдіреді Ашықхат әзірлейді Үй тапсырмасын алады	Оқулық Дескриптор: Берілген тапсырмаға өз пікірін айта алады-1б Дескриптор: Әдемі сөздерді пайдаланып ашықхат әзірлейді-1б Тамаша жұмыс орындадыңдар!	Ашықхатқа арналған парақшалар
Кері байланыс 5 минут	Кері байланы  	Кері байланыс жасайды	«Телефон» әдісі	Оқулық Кері байланыс тақтасы



Дара және күрделі сын есім

Асаубаева Жаңагүл Болатқызы
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласындағы №16 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Білім беру ұйымыныңатауы	М.Горький атындағы №16 мектеп-лицей	
Пәні:	Қазақ тілі	
Бөлім:	Қоршаған орта	
Педагогтіңаты-жөні:	Асаубаева Ж	
Күні:	27.04.2026ж	
Сынып: 2 «Б»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	№ 121 сабақ. Дара және күрделі сын есім	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.4.2.5 дара және күрделі зат есім/ сын есім/ сан есім/ етістікті анықтау 2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді?қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу / сипаттау/ пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы,негізгі бөлім, соңы) анықтау 2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік,анықтамалық,энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	
Сабақтың мақсаты	Оқушылар дара және күрделі сын есімді анықтайды. Сұрақ қою арқылы (не істеді?қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу / сипаттау/ пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы,негізгі бөлім, соңы) анықтайды	
Құндылық: (Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың II,III, IV отырыстарында берген тапсырмасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №123 бұйрығы)	«АДАЛ АЗАМАТ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ Сәуір айы: ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК Апта дәйексөзі:«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»	

Сабақтыңбарысы

Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастырукезеңі Психологиялықахуал қалыптастыру Оқушыларға саяхатқа шықпас бұрын «билет» алуды ұсыныңыз. «Балалар, бүгін біз білім еліне саяхатқа шығамыз. Саяхатқа шығу үшін бізге жақсы көңіл-күй керек. Біз қызықты саяхатқа шығамыз, (Қолдарын жоғары көтереді) Жаңа білім, жаңа достар табамыз. (Қол алысады) Бір-бірімізге сәттілік тілеп, (Көршісіне бұрылады) Биіктерге бірге біз самғаймыз! (Қолдарын жүрек тұсына қояды) Топқа бөлу I топ II топ III топ	Психологиялық ахуалды жасайды	ҚБ: 1-10 балл 	

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы

25мин</td>
<td>Жаңа сабақ ену
«Wardwall» платформасы арқылы
-Сын есім дегеніміз не?
-Сын есімнің сұрақтары қандай?
-Сын есімге мысалдар келтірейікші
-Ал енді кестедегі сөздерге қарап,сын есімдерді салыстырып көріңдер

<table>
<tr><td>Күрделі сын есім</td><td>Дара сын есім</td></tr>
<tr><td>Ақ ала,қара торы,сары ала</td><td>Ақ, қара, жасыл, сүйір,үлкен</td></tr>
</table>
Сын есім дара және күрделі болады.Дара сын есім бір сөзден тұрады.Мысалы: көк,қою
Күрделі сын есім екі не одан да көп сөден тұрады.Мысалы:ақ сары,көк ала
Күрделі сын есімнің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады.
Күннің реті мен сабақтың тақырыбы тақтаға жазылады
Тыңдалым
2-жаттығу
Бейнебаян
Кері байланыс
-Ең алғаш адам баласы ерте заманда нені армандаған?
-Ең алғаш ұшу құралы ретінде нені ойлап тапты?
-Әуе шары қалай әуеге көтерілді?
-Кейіннен қандай ұшу құралы жасалды?
-Мәтіннен сын есімдерді тауып дара және күрделі екенін ажырат
Ұшу аппараттары туралы мәліметтер беру(бейнебаян)

Топтық жұмыс
I топ
Кесте бойынша сын есімдерді топтастыру
Кішкентай,жап-жасыл,ұсақ,қызыл,жаман,тұщы,домалақ,тәтті,ылғал,ірі,сарғышқа боп-боз,дәмсіз,тәп-тәтті,сүйір,ұзын
<table>
<tr><td>Түс</td><td>Дәм</td><td>Көлем</td><td>Пішін</td><td>Сапа</td></tr>
<tr><td>...</td><td>...</td><td>...</td><td>...</td><td>...</td></tr>
</table>
II топ
Ребусты шешіп,шешуіндегі сөзбен сөйлем құрастыру

III топ
Дара және күрделі сын есімдерді топтастыру
Ақ,үлкен,сары ала,тап-таза,кең,ащы,ұп-ұзын,жұмсақ,қап-қатты,жарық,жуас,қызғылт сары,терең,алыс,тым ұзақ,шыдамды,өте алыс
<table>
<tr><td>Дара</td><td>Күрделі</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Сергіту сәті</td>
<td>

<br

	Жұптық жұмыс Бірінші бағандағы сөздерді екінші бағандағы сөздермен сәйкестендіріп,күрделі сын есім жаса,екі сөзбен сөйлем құрастыр  Бірінші сыңары / Екінші сыңары ақ — аласа биік — боз көк — ала ала — бетен қара — күрең қызыл — торы Дәптермен жұмыс Жеке жұмыс 3-жаттығу Жаңылтпаштың қатесін түзеп,көшіріп жаз Ұшақ құшша ұшар, Ұшақ ұшша, Ұзақ ұшар ЕБҚ және ЕҚБ Мақсаты: бірлесе жұмыс жасауға баулу Мәтінді оқып,қарамен жазылған сөздерді дара және күрделі сын есімдерге топтастыр  Туған өлкенің табиғаты Жазғы жайлау Біздің ауылдың жанында биік таулар бар. Таудың етегінде қызыл-жасыл гүлдер құлпырып өсіп тұр. Аспанда аппақ бұлттар көшіп жүр. Өзеннің суы мөп-мөлдір әрі салқын. Жайлауда қара ала сиырлар мен жуас қозылар жайылып жүр. Күн ыстық болса да, таудың желі қоңыр салқын соғады. Табиғат қандай әдемі! Тапсырма: Мәтіннен талқан сын есімдерді төмендегі кестеге топтастырып жазыңдар. Дара сын есімдер / Күрделі сын есімдер Қорытынды Оқушылар ойын түрінде берілген сұрақтарға жауап береді ЖИ платформа	Оқушылар жаңылтпаштың қатесін түзеп, көшіріп жазады Мәтінді оқып,қарамен жазылған сөздерді дара және күрделі сын есімдерге топтастыр Оқушылар сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: - Жаңылтпаштың қатесін түзе-п,көшіріп жаза-ды-1балл Дескриптор ЕБҚ: Мәтінді оқып,қарамен жазылған сөздерді дара және күрделі сын есімдерге топтастырады-5 балл Дескриптор: -Оқушылар сұрақтарға жауап береді-1балл	
Сабақтың соңы 10 мин	Үй тапсырмасы 4-жаттығу Ребусты шешіп,шешуіндегі сөзбен сөйлем құрап жаз Рефлексия «Білім ағашы»  	Ребусты шешіп,шешуіндегі сөзбен сөйлем құрап жазады Кері байланыс жасайды		


“Сән және жеке тұлға үйлесімділігі” эксперименті

Жамбылова Гүлназ
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Лақалы ауылы №93 орта мектеп

Көркем еңбек	Мектеп: №93 орта мектеп	
Күні:	Оқытушының аты-жөні: Жамбылова Гүлназ	
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар:
Бөлім:	Дизайн және технология	
Сабақтың тақырыбы:	“Сән және жеке тұлға үйлесімділігі” эксперименті. Жеке даралық имиджін жасау. Идеяларды жүзеге асыру	
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	9.1.5.1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылау	
Сабақтың мақсаты:	-күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін түрлі салалар бойынша білімдерді жалпылайды. -белгілі бір Имидж таңдап, шығармашылық ойды құрастырады.	
Құндылықтарға бөлу	Әділдік және жауапкершілік • жаңа идеяларды ұсыну; • заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;	
Апта дәйексөзі	Жауапкершілік адамды адам етеді.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басталуы 3мин	- оқушылардың зейінін шоғырландыру. «Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында ой қозғау.Оқушылар арасында шағын пікірталас жүргізу. «Миға шабуыл» оқушылардың назарын аудару, монитордағы суреттер арқылы сабақ тақырыбын ашу. - оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын анықтау - оқушылардың сабақ соңында күтілетін нәтижелерді анықтауға көңіл бөлу, бағалау, критерий мен дискрипторлады ашу.	Оқушылар амандасып, бір-біріне сәттілік тілейді. Ой қозғайды, ойларын айтады.	Бірін –бірі бағалау.	Оқулықтағы түсініктемелер мен берілген суреттер  
Ортасы 5мин 3мин	«Имидж» туралы бейне ролик ұсыну. 1.Тапсырма: (Т)Оқушылар сыныптастармен бірге «Имидж» сөзді талдап кестені толтырып шығады. Дескрипторлар: - «Имидж» термин сөзді ашып талдайды Негізгі компонеттерін анықтайды Имидж анықтамасы | Имидждың негізгі компонеттері ..... | Прическа, макияж, маникюр, стильдік киім (бас киім, көйлек н\е костюм пиджак, аяқ киім т.б.), аксессуарлар (заколка, сағат, қолғап, орамал, сөмке т.б.)	Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі Жауабын зерттеу дәптеріңе жазып, суретке түсіреді. Оқушылар бұл тапсырманы жұпта бағалайды.	Дискриптор - «Имидж» анықтамасын талдап шығады 1ұпай	Бейне ролик

4 мин	Түстер үйлесімділігі • Қара, ақ түстер – әмбебап түстер болып саналады. Яғни, барлық түспен жараса береді деуге болады. Сондықтан, бұл түстерді көбінесе негізгі түс ретінде таңдайды. Образды ашу үшін түрлі аксессуарлар көмекке келеді. Ақ түс бәрімен жарасады. Әсіресе, көк, қызыл, қара түспен үйлеседі. Ал қара бәрінен де сарғылт, алқызыл, ақ, қызыл, сары түстермен жақсы жарасады. • Енді басқа түстердің қандай түстермен жарасатынын айтып өтейік: • Сарғыш (ақшыл сары) түс көгілдір, қызыл қоңыр, изумруд, қара, қызыл, ақ түстермен келеді. • Сұр түс фуксия, қызыл, күлгін, алқызыл, көк түстермен жақсы жарасады. • Алқызыл түс қызыл қоңыр, ақ, сұр, көгілдір ақық түстермен жарасым таппақ. • Фуксия (күңгірт алқызыл) түс сұр, қызыл қоңыр түстермен үйлеседі. • Қызыл түс сары, ақ, жасыл, көк, қара түстермен жарасады. • Томат қызыл түсті киімді көгілдір, құм түс, сұр түстермен киіңіз. • Сарғылт түс көк, көгілдір, қызғылт (лиловый), күлгін, ақ, қара түстермен үйлеседі. • Сары көк, қызғылт, ақшыл көгілдір, күлгін, сұр, қоңыр түстермен жақсы кетеді. • Жасыл түс сарғылт, сары, сұр, қара түстермен жарасады. • Көгілдір түс қара, сұр, қызыл қоңыр, сарғылт, алқызыл, ақ, сары түстермен үйлесім таппақ.		Дескрипторлар: - Ұқыпты нобай салады; - Ерекше сауаттылықпен коллорит таңдайды; - Белгілі бір стиль бойынша имидждік нобай құрастырып салады - Күрделі объектілерге, бейнелер мен нысандарға арнайы дизайынын құрастырады. 4ұпай	https://app.quizrise.com/play/cmh-ho23om002blh-04zlalif2t
20 мин	2.Тапсырма;(Ж)Оқушылар сабақтағы қарастырған белгілі бір киім стилін таңдап, өз еркімен берілген сызбалық шаблон бойынша, күрделі имиджік объектілері, бейнелер мен нысандардың дизайынын құрастырып тәжірибе орындайтын болады.   		Дескриптор: -Классикалық стиль белгісін жазады -фольклорлық стиль элементін қолданады -спорттық стиль киімін анықтайды 5ұпай	

5 мин 3 мин	Қалыптастырушы бағалау (тест) 3. Рефлексия: Сабақта мен .....жұмыс істедім, өйткені..... ..... Мен ....идеяны ұсындым Мен мақсатқа жеттім..... өйткені..... Сабақ мен үшін..... болды Менің көңіл күйім .... Сабақтың қорытындысы: Тапсырмада берілген дескрипторларды талдап, оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін талқылау.			
Аяқталуы 2 мин	Кері байланыс Gynzy платформасы арқылы бағдаршам әдісімен сабаққа кері байланыс береді.		Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	



Мектеп басқару ісіндегі педагогикалық шеберлік

Кадирсизов Бауыржан Бурабекович
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай ауылы Саттар Ерубаев атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры

Қазақстанның білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, IT-құзыреттілігін, эмоционалдық интеллектін және зерттеу дағдыларын дамыту қажеттілігі көрсетілген. Сонымен бірге білім беру ұйымдарының бірінші басшыларының кадрлық резервін қалыптастыру мәселесі де белгіленген.

Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық шеберлік – мұғалімнің ғана емес, мектепті басқарушы тұлғаның да негізгі кәсіби капиталы.

Педагогикалық шеберлік – басқару мәдениетінің негізі

Педагогикалық шеберлік дегеніміз – педагогтің білімін, тәжірибесін, шығармашылық қабілетін және кәсіби құзыреттілігін оқыту мен тәрбиенің нәтижесіне бағыттай білуі.

Ал мектеп басқаруындағы педагогикалық шеберлік осы ұғымның аясын кеңейтеді.

Басшы:

- педагогтің кәсіби әлеуетін тани білуі;
- әр қызметкердің күшті жағын дұрыс бағыттауы;
- ұжымда сенімді психологиялық ахуал қалыптастыруы;
- нақты әрі әділ шешім қабылдауы;
- өзгерістерді түсіндіре және ұйымдастыра білуі;
- нәтижені деректер негізінде талдауы;
- өз тәжірибесін үнемі жетілдіруі қажет.

Демек, шебер басшы – бұйрық беруші емес, дамуға бағыт беруші көшбасшы.

Қазіргі нормативтік талаптарда білім беру ұйымы басшысының міндеттері қатарында мектеп қызметін ұйымдастыру, педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп білім беру стандарттарының іске асырылуын қамтамасыз ету, мектептің даму бағдарламасы мен оқу-тәрбие жұмысының жоспарларын ұйымдастыру сияқты бағыттар белгіленген.

Басқарудағы педагогикалық көшбасшылық

Мектептегі басқару сапасы ең алдымен адам ресурсын тиімді ұйымдастырудан басталады. Себебі мектептің негізгі қозғаушы күші – педагогикалық ұжым.

Педагогикалық көшбасшы ұжым мүшелерін тек тапсырманы орындаушы ретінде қарастырмайды. Керісінше, мұғалімнің кәсіби пікірін тыңдап, бастамасын қолдап, тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді.

Осы бағытта мынадай басқару қағидасын ұсынуға болады:

Тыңдау → Талдау → Бірлесіп жоспарлау → Іске асыру → Нәтижені бағалау → Кері байланыс → Дамыту.

Бұл цикл басқаруды бір реттік бақылаудан тұрақты кәсіби дамуға айналдырады.

2026 жылы өткізілген республикалық онлайн-интенсив материалдарында да заманауи басқару мәдениеті, стратегиялық жоспарлау, педагогтердің ынтасын арттыру, кәсіби құзыреттілікті дамыту және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мәселелері баса қарастырылған.

Мектепті басқарудағы педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттері

1. Стратегиялық ойлау

Басшы мектептің бүгінгі жағдайын ғана емес, ертеңгі даму бағытын да көре білуі қажет.

Стратегиялық басқару кезінде:

Мәселе → Мақсат → Міндет → Ресурс → Іс-шара → Нәтиже → Мониторинг логикасы сақталуы маңызды.

Мысалы, білім сапасының төмендеуін тек қорытынды көрсеткіш ретінде қарастырмай, оның себептерін анықтау қажет. Ол үшін пәндер бойынша нәтижелерді, оқушының оқу сауаттылығын, мұғалімнің әдістемелік қажеттілігін және ата-анамен байланысты кешенді талдауға болады.

2. Командалық басқару

Мектептің барлық жетістігін бір ғана басшының еңбегімен байланыстыру дұрыс емес. Тұрақты нәтиже – директор, орынбасарлар, әдістемелік бірлестік жетекшілері, мұғалімдер, психолог, ата-ана және оқушы арасындағы серіктестіктің нәтижесі.

Сондықтан басқаруда:

- кәсіби командалар;
- шығармашылық топтар;
- тәлімгерлік;
- Lesson Study;
- тәжірибе алмасу алаңдары;
- коучинг және шеберлік сағаттары сияқты тетіктердің маңызы зор.

3. Педагогті қолдау мәдениеті

Педагогикалық шеберліктің маңызды белгісі – мұғалімнің қателігін жазалаудан бұрын, оның кәсіби өсуіне мүмкіндік беру. «Қай жерден қателестің?» деген сұрақтың орнына:

«Бұл нәтижені қалай жақсарта аламыз?» деген ұстаным қалыптасса, мектепте сенімге негізделген кәсіби орта пайда болады.

4. Цифрлық басқару

Цифрлық технологиялар басқару жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, шешім қабылдаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Басшы цифрлық құралдар арқылы оқу жетістіктерінің динамикасын, қатысу көрсеткіштерін, педагогтердің кәсіби даму белсенділігін, сауалнама нәтижелерін, мониторинг

деректерін жүйелі талдай алады.

Қазіргі педагогикалық менеджмент тәжірибесінде цифрлық технологиялармен қатар жасанды интеллектті басқаруда қолдану, цифрлық менеджмент және эмоционалдық интеллект мәселелері де қарастырылып келеді.

5. Эмоционалдық интеллект

Мектеп – адамдармен жұмыс істейтін орта. Сондықтан басшының эмоционалдық мәдениеті ерекше мәнге ие. Педагогтің көңіл күйін түсіну, шиеленісті жағдайды ушықтырмай шешу, сын-пікірді дұрыс жеткізу, әріптестің еңбегін мойындау – басқару шеберлігінің маңызды бөлігі. Ақылды басқару – ережені білу болса, шебер басқару – адамды түсіну. Бұл модельдің ерекшелігі – басқару үдерісін «тексеру» логикасынан «дамыту» логикасына ауыстыру.

Қорытынды

Мектеп басқаруындағы педагогикалық шеберлік – басқарудың техникалық тәсілдерін меңгеру ғана емес, адамды, үдерісті және нәтижені біртұтас жүйе ретінде басқара білу өнері.

Шебер басшы мектептің даму бағытын айқындап қана қоймай, сол бағытқа педагогтерді сеніммен жетелейді. Ол әр мұғалімнің кәсіби мүмкіндігін ашуға жағдай жасайды, жаңашылдықты қолдайды, цифрлық құралдарды тиімді пайдаланады, нәтижені дерек арқылы саралайды және мектепте үздіксіз даму мәдениетін қалыптастырады.

Бүгінгі мектепке «бақылайтын басшыдан» гөрі «дамуға жол ашатын педагог-көшбасшы» қажет. Себебі мектептің сапасы – басқару сапасымен, ал басқару сапасы – басшының кәсіби және педагогикалық шеберлігімен тығыз байланысты.

«Мектеп – мұғалімнің жүрегімен, ал басқару – адамға деген сеніммен дамиды» деген ұстаным қазіргі мектеп менеджментінің маңызды құндылығына айналуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлының әдеби және ғылыми-педагогикалық мұрасы — оқу-тәрбие үдерісінде



Карбаева Жаркын Урумбасаровна
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы №100 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген Ахмет Байтұрсынұлының тағылымды ойы ана тілінің ұлт өміріндегі орнын айқындайды. Қазақ халқының рухани тарихында А.Байтұрсынұлының орны ерекше. Ол – ағартушы, ғалым, ақын, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері әрі қазақтың ұлттық педагогикасының негізін қалаушылардың бірі.

Ахмет Байтұрсынұлының басты мақсаты – халықтың сауатын ашу, ана тілінде білім беру, ұлттық сананы қалыптастыру және ел болашағын білімді ұрпақпен байланыстыру болды. Сондықтан оның мұрасын қазіргі оқу-тәрбие үдерісіне енгізу – өткенді дәріптеу ғана емес, ұлттық білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің маңызды бағыты.

1. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасы – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі

А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса» жинақтары қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алады. Ақын шығармаларында білімге ұмтылу, еңбек ету, надандықтан арылу, елдік сана, бірлік, адамгершілік мәселелері кеңінен көрініс табады.

Оның шығармаларын бастауыш және орта буын оқушыларына оқыту барысында мәтіннің мазмұнын меңгертумен қатар, оқушының өзіндік пікірін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістерді қолдануға болады.

Мысалы:

«Ойлан – жұптас – бөліс», «Болжау» әдісі, «Авторға хат», Кейіпкерге мінездеме», «Бес жолды өлең», «Егер мен автор болсам...»;

Бұл әдістер оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, мәтінді талдайтын, салыстыратын, өз пікірін білдіретін тұлға ретінде қалыптастырады.

2. «Әліппе» – ұлттық сауат ашу жүйесінің негізі

Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» еңбектері қазақ баласының ана тілінде сауат ашуына жол ашқан маңызды педагогикалық еңбектердің бірі болды.

Ғалым қазақ тілінің табиғатына сәйкес дыбыстық әдісті негізге алып, сауат аштырудың тиімді жолдарын ұсынды. Оның «Оқу құралы» арқылы қазақ баласына түсінікті тілде білім беру қағидаты жүзеге асырылды.

Бүгінгі бастауыш білім беруде бұл идеяның жалғасы ретінде:

дыбыс → буын → сөз → сөйлем → мәтін

жүйесін сақтай отырып, оқушының тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді дамытуға болады.

Әсіресе бастауыш сыныпта көркем жазу, мәнерлеп оқу, сөздік жұмыс, мәтінді түсіну және өз ойын жазбаша жеткізу жұмыстарын бір-бірімен сабақтастыра ұйымдастыру – Ахмет Байтұрсынұлының тіл үйрету қағидаларымен

үндеседі.

3. «Тіл-құрал» – қазақ тіл білімінің ғылыми негізі

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, қазақ тіл білімінің қалыптасуына негіз қалады. «Тіл-құрал» еңбегінде тілдің дыбыстық, сөздік және сөйлемдік жүйесі түсіндірілді.

Ғалымның термин жасау тәжірибесі де ерекше назар аудартады. Бүгінгі оқытуда оның тілдік ұғымдарды балаға түсінікті, нақты және жүйелі түрде жеткізу қағидасын басшылыққа алуға болады.

Мұғалім үшін маңызды ұстаным:

«Балаға білімді оның қабылдау мүмкіндігіне сай, түсінікті тілмен ұсыну».

Бұл қағида қазіргі педагогикадағы оқушыға бағдарланған оқыту, саралап оқыту және қолжетімді білім беру ұстанымдарымен сабақтас.

4. «Әдебиет танытқыш» – әдеби білімнің құнды негізі

«Әдебиет танытқыш» еңбегі – қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуындағы аса маңызды зерттеулердің бірі. Ахмет Байтұрсынұлы көркем шығарманың табиғатын, әдеби жанрларды, сөз өнерінің ерекшеліктерін жүйелі түрде түсіндірді.

Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасын өз тәжірибемде басшылыққа ала отырып, оқушыға білімді дайын күйінде ұсынудан гөрі, оны түсінуге, талдауға, өмірлік жағдаятта қолдануға және өз ойын еркін жеткізуге бағыттауға тырысамын.

Менің тәжірибемде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ең алдымен оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым және математикалық сауаттылықты өмірмен байланыстырудан басталады. Мысалы, әдебиеттік оқу сабақтарында оқушыға мәтінді оқытып қана қоймай, «Бұл оқиға өмірде кездессе, сен қандай шешім қабылдар едің?», «Кейіпкердің орнында болсаң не істер едің?» деген жағдаяттық сұрақтар ұсынамын. Мұндай тапсырмалар баланың мәтінді түсінуімен қатар, өз тәжірибесіне сүйеніп ой қорытуына мүмкіндік береді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек» деген педагогикалық ұстанымын сабақтарымда тапсырмаларды зерттеушілік сипатта ұйымдастыру арқылы жүзеге асырамын. Оқушыларға дайын жауап бермей, мәселені өздері анықтап, ақпаратты іздеп, салыстырып, дәлелдеп, қорытынды жасауға мүмкіндік беремін.

Сонымен қатар, сабақтарымда STEAM технологиясы мен жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдаланып келемін. ЖИ көмегімен оқушының жас ерекшелігіне сәйкес өмірлік жағдаяттар, проблемалық сұрақтар, мәтіндер мен шығармашылық тапсырмалар әзірлеймін. Бірақ басты орында технологияның өзі емес, оқушының ойлауы мен әрекеті тұрады.

Мысалы, дүниетану сабағында оқушыларға табиғи құбылыс немесе қоршаған ортаға қатысты мәселе ұсынып, оның себебін анықтау, салдарын болжау және шешу жолдарын ұсыну тапсырмаларын беремін. Математикада есептерді күнделікті өмірмен байланыстырып, сатып алу, уақытты жоспарлау, өлшеу, салыстыру, есептеу сияқты практикалық әрекеттерді қолданамын.

Мен үшін Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасын бүгінгі сабақта жалғастыру – оның әдістемелік идеяларын сол қалпында қайталау емес, ұлттық педагогиканың құндылықтарын заманауи технологиялармен ұштастырып, өмірге бейім, ойлай алатын, сауатты тұлға қалыптастыру.

Сондықтан өз тәжірибемдегі басты қағидам:

«Білім – жаттап алатын ақпарат емес, өмірде қолданылатын құрал».

Осы ұстаным арқылы әр сабағымда оқушының тек білім алуына емес, сол білімді өмірлік мәселелерді шешуге пайдалана алуына жағдай жасауға ұмтыламын.

Қорытынды

Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы – уақытпен бірге мәні тереңдей түсетін рухани қазына. Оның әліпби жасау, ана тілінде оқыту, тіл білімін жүйелеу, әдебиетті ғылыми тұрғыдан зерделеу және ұлттық тәрбие беру идеялары қазіргі білім беру жүйесімен сабақтас.

Ұлт ұстазының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек» деген тағылымы бүгінгі ұрпақ тәрбиесі үшін де мәнді.

Сондықтан А.Байтұрсынұлының мұрасын оқу-тәрбие үдерісіне енгізу – оқушыға тарихи тұлғаны таныстыру ғана емес, оның бойында тілге құрмет, білімге құштарлық, еңбекке жауапкершілік, ұлттық сана және елжандылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді жолы.

Ұлт ұстазының мұрасы – өткеннің өнегесі ғана емес, бүгінгі білімнің темірқазығы.

Тарихтан тағылым, ұрпаққа аманат



Сағынбаева Меруерт Бекболсынқызы
№185 орта мектеп тәлімгері

Туған жердің тарихы – ұлттың рухани жады. Өткенін қадірлеген ел ғана бүгінін бағалап, болашағын баянды ете алады. Әр ауылдың, әрбір елді мекеннің қойнауында ұрпаққа үлгі боларлық тағдырлар мен тарихтың талай қатпарлы сырлары жатыр. Сол асыл мұраны жинақтап, сақтап, кейінгі буынға жеткізу – үлкен жауапкершілік әрі қасиетті міндет.

Осындай игілікті істің бір көрінісі – ардагер ұстаз Сақтапберген Төлегенұлы Қосбаев атындағы тарихи-өлкетану музейі. Бұл музей – туған өлкенің тарихын танытатын жәдігерлер жиынтығы ғана емес, елге еңбегі сіңген азаматтардың өнегелі өмірін ұлықтап, өткен мен бүгінді жалғап тұрған рухани орда.

Музейдің ашылу салтанатында оның тарихы мен құндылықтарын көпшілікке таныстырып шығу құрметі маған бұйырды. Бұл мен үшін үлкен жауапкершілік әрі туған жер тарихын насихаттауға берілген ерекше мүмкіндік болды.

Бейнеттің небір жолдарын еңсерген – адал еңбек

Музейдегі алғашқы тағылымды бағыттардың бірі – халқымыздың маңдай терімен келген адал еңбегін дәріптейтін «Бейнеттің небір жолдарын еңсерген – адал еңбек» айдары.

Кең даланың төсінде төрт түліктің қамын күйттеп, табиғаттың талай қиындығына төтеп берген, жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязында мал соңында жүріп, маңдай терімен ел ырысын арттырған жандар – қазақтың қарапайым да қадірлі шопандары.

Еңбек адамының болмысын айшықтайтын бұл бөлімде ардагер ұстаз Сақтапберген Төлегенұлы Қосбаевтың өмір жолында жинақтаған құнды жәдігерлері де орын алған. Атап айтқанда, жез сақиналар, түрлі әшекей бұйымдар, жебенің ұштары мен XIX ғасырдағы ақша үлгілері – өткен дәуірдің тынысын сезінуге мүмкіндік беретін тарихи мұралар.

Бұл жәдігерлердің әрқайсысы – өз алдына бір тарих. Оларды сақтап, ұрпақ игілігіне ұсыну – музейдің басты міндеттерінің бірі.

Ел тарихында ізі қалған тұлға

Музей төрінен Жаңақала совхозының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан Қаратай Қуаңбаевтың есімі де ерекше орын алады.

1964 жылдың қаңтар айында шаруашылықтың жағдайын жетік білетін іскер басшы ретінде үлкен сенім артылып, Қаратай Қуаңбаев «Жаңақала» қаракөл қой совхозының директоры қызметіне тағайындалып, 1980 жылға дейін осы шаруашылықты басқарған.

Ол Жаңақала совхозының іргесін бекітіп, шаруашылықтың дамуына өзіндік үлесін қосқан білікті басшы ретінде ел жадында қалды.

Музейдегі аса құнды жәдігерлердің бірі – Қаратай Қуаңбаевтың өз қолымен жасаған, 1971-1972 жылдардағы мал қыстату кезеңінде төрт түлік малдың орналасуын көрсететін сызбалық карта. Сонымен қатар оның жұмыс үстелі, қолжазбалары мен күнделіктері де музей төрінен орын алған.

Бұл дүниелер – бір адамның ғана өмір жолын емес, тұтас бір дәуірдің тыныс-тіршілігін танытатын тарихи құжаттар.

Ұлтқа қызмет еткен ұлы есімдер

«Ұлтқа қызмет еткен ұлы есімдер» айдарында ауылымыздың қалыптасуы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар мен азаматшалардың өмір жолы насихатталады.

Ауыл басшылары, алғашқы совхоз директорлары, зоотехниктер, бас есепшілер, ферма басшылары және ел дамуына атсалысқан басқа да еңбек адамдарының суреттері, жеке құжаттары, орден-медальдары музей төрінен орын алған.

Олардың әрқайсысының артында – елге сіңірген еңбек, халыққа жасаған қызмет, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнеге бар.

Солардың қатарында ел басына күн туған кезеңдерде ер азаматтармен қатар ел ісіне араласқан Түменбаева Тән анамыздың есімі де айрықша аталады. Ол саналы ғұмырында түрлі жауапты қызметтер атқарып, Қазақстан Компартиясының VI съезіне делегат болған, Ұлы Отан соғысының тыл және еңбек ардагері атанған. Мәскеудегі Жоғары партия мектебін тәмамдаған Тән анамыздың есімі кейінгі кезде «Қазақ аналары» энциклопедиясына да енгізілді.

Мұражайда Тән анамыздың өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін құжаттар мен фотосуреттер келушілер назарына ұсынылған.

Ауылдан шыққан асылдар

Туған жердің абыройын асқақтатқан азаматтар қатарында ауылымыздың мақтаныштары – Алмас Алматов пен Серік Ыдырысовтың да орны ерекше.

Сыр бойындағы жыраулық дәстүрді жалғастырушы, педагог, өнертанушы Алмас Алматов – ұлттық өнерімізді насихаттап, қазақтың жыраулық дәстүрін әлемге танытуға үлес қосқан тұлға. Ол облыстық мәслихат депутаты қызметін атқарып, «Халық әні» бағытында ғылыми-педагогикалық еңбек еткен, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атанған.

Алмас Алматовтың өнері мен ғылыми ізденістері шетелдерде де таныстырылып, Мәскеу, Санкт-Петербург, Лондон, Париж, Милан, Нью-Йорк, Стамбұл секілді әлемнің ірі қалаларында арнайы шақыртулармен лекция-концерттер мен баяндамалар өткізген. Оның орындауындағы күйтабақтар мен аудио дискілер ұлттық өнеріміздің кеңінен таралуына жол ашты.

Ал Серік Махмұтұлы Ыдырысов – айтыскер ақын, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, ақын-жыршылар одағының мүшесі, Қазақстан педагогикасының қайраткері орденінің иегері, Қызылорда облысы мен Қармақшы ауданының құрметті азаматы. 2023 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Мұндай азаматтардың өмір жолы – туған жерден түлеп ұшқан ұрпақтың елге қызмет етуіне үлгі.

Ерліктері елге мұра, ұрпаққа ұран

Музейдегі ерекше тағылымды бөлімдердің бірі – «Ерліктері елге мұра, ұрпаққа ұран» айдары.

Бұл бөлім Ұлы Отан соғысы жылдарында елін қорғап, майдан даласында ерлік көрсеткен жерлестерімізге арналған.

Олардың қатарында ауылымыздың мақтанышы, ауданымыздағы жалғыз Кеңес Одағының Батыры Т.Көмекбаев бар. Батырдың есімі ел тарихында алтын әріппен жазылып, 1988 жылы Жаңақала совхозына берілген.

Ел басына күн туған шақта Отан үшін от кешкен аталарымыздың ерлігі – бүгінгі ұрпақ үшін мәңгілік өнеге.

Тарихы терең – туған өлке

«Тарихы терең – туған өлке» атты бағытта ауыл маңындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен қасиетті орындар туралы деректер жинақталған.

Біздің өлкеміз – тарихы терең, шежіресі мол мекен. Осы өңірдегі тарихи орындарды зерттеп, олардың тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуде Сақтапберген Төлегенұлы Қосбаевтың еңбегі зор.

Музейде Жәрімбет баба мен Ер Сейітпенбет баба кесенелері туралы деректер, тарихи зерттеулер мен мәліметтер ұсынылған.

Жәрімбет баба кесенесі

Жәрімбет Солтанұлы 1725 жылы Қарақұм өңіріндегі Қарақ тауында дүниеге келген деген дерек бар. Ел аузындағы әңгімелерде ол көзі тірісінде әулие, елге сөзі өткен би ретінде сипатталады.

Жәрімбет бабаның жатқан жерін анықтау, көктастағы арабша жазуларды зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ұрпақтары тарапынан баба рухына тағзым жасалды. 1995 жылы Жәрімбет бабаның кесенесі аяқталып, ұрпақтары үлкен ас беріп, құран бағыштаған.

Музейде осы тарихи тұлғаға қатысты деректер мен зерттеу материалдары келушілерге таныстырылады.

Ер Сейітпенбет баба

Музейде 18-19 ғасырларда өмір сүрген, халық арасында әулие ретінде қадірленген Ер Сейітпенбет бабаның кесенесі туралы да мәліметтер бар.

Ауылдан шамамен 40 шақырым жерде орналасқан кесене бүгінгі күнге дейін халықтың зиярат ететін қасиетті орындарының бірі саналады.

Ел арасында Сейітпенбет бабаның кереметі туралы түрлі аңыз-әңгімелер сақталған. Солардың бірі – оның отқа түсіп, аман шыққаны туралы хикая. Бұл аңыз ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, халық жадында сақталып келеді.

Мұндай тарихи аңыздар мен шежірелер – халқымыздың рухани дүниесінің бір бөлшегі.

Зерттеу – ұрпаққа қалдырылған мұра

Сақтапберген ағайдың тағы бір ерекше қыры – үнемі ізденісте жүріп, шәкірттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуы.

Ол оқушыларын туған өлкенің тарихын зерттеуге бағыттап, Шірік-Рабат, Хамза Жомартов секілді тарихи тақырыптарда зерттеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етті.

Ғылыми ізденістер барысында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған тарихи жәдігерлер де музей қорынан орын алған.

Сондай-ақ ағайдың облыстық және республикалық телеарналарға берген сұхбаттары, зерттеу жұмыстары мен ғылыми ізденістерін көрсететін бейнематериалдар да музейдің құнды дүниелерінің қатарында.

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан басталады»

Музейдің жүрекке жылы бөлімдерінің бірі – «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан басталады» атты айдар.

Мұнда ауылдың алғашқы жылдарындағы басшылармен қатар, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер ұстаздардың суреттері мен өмір жолдары көрсетілген.

Солардың бірі – Нұртаев Сәден, алғашқы оқу ісі жөніндегі меңгеруші, білім беру саласының үздігі, тарихшы ұстаз.

Бүгінде оның есімімен республикалық жас тарихшылар олимпиадаларының өткізілуі – ұстаз еңбегінің ұрпақ жадында сақталғанының айқын дәлелі.

Ұстаздардың әрқайсысының артында – талай шәкірттің тағдыры, талай жылдық маңдай тер мен өлшеусіз еңбек жатыр. Сондықтан олардың өмір жолын сақтау – өткенге тағзым ғана емес, келешекке жол көрсету.

Жомарттық – жүректен, алғыс – елден

Музейдің қалыптасуына қаржылай және рухани қолдау көрсеткен азаматтарға да ерекше алғыс білдіруге болады.

«Жомарттық – жүректен, алғыс – елден» дегендей, туған өлкенің тарихын дәріптеуге, музейдің қалыптасуына өз үлесін қосқан елжанды азаматтардың еңбегі де назардан тыс қалған жоқ.

Ал «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген халық даналығы ел игілігі үшін еңбек еткен азаматтарды кейінгі ұрпаққа танытудың маңызын айқындай түседі.

Олардың есімдерін музей төрінен орын беру арқылы біз бір адамның еңбегін ғана емес, елге қызмет етудің үлгісін ұлықтаймыз.

Тарихты сақтау – болашақты бағалау

Ардагер ұстаз Сақтапберген Төлегенұлы Қосбаев атындағы тарихи-өлкетану музейі – ауыл тарихының айнасы.

Мұндағы әрбір сурет, әрбір құжат, әрбір жәдігер – белгілі бір кезеңнің куәсі. Әр экспонаттың артында адам тағдыры, еңбек жолы, ел тарихы жатыр.

Бұл музей бізге өткенді еске түсіру үшін ғана қажет емес. Ол – жас ұрпаққа туған жерді сүюді, елге қызмет етуді, үлкенді құрметтеуді, тарихи мұраны қадірлеуді үйрететін тәрбие мектебі.

Музейдің ашылуында оның әрбір бұрышын таныстырып, ел тарихын көпшілікке жеткізу мен үшін үлкен мәртебе болды. Себебі туған жердің тарихын айту – жай ғана дерек жеткізу емес, ұрпақ пен ұрпақты жалғайтын рухани көпір болу.

Тарихын түгендеген елдің рухы биік. Өткенін ұлықтаған ұрпақтың болашағы жарқын.

Музей – үнсіз сөйлейтін тарих. Ал сол тарихты тыңдап, кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің ортақ парызымыз.

Жасанды интеллект және биология пәнін оқыту: жаңа мүмкіндіктер



Мұхамеджан Сандуғаш Алпамысқызы
Қызылорда қаласы, №7 мектеп-лицейінің химия биология пәні мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру саласы қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Цифрлық технологиялардың дамуы мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыруға, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Осындай заманауи технологиялардың бірі – жасанды интеллект.

Жасанды интеллект – адамның ойлау, талдау, ақпаратты өңдеу, мәтін құрастыру, сурет пен деректерді тану сияқты кейбір интеллектуалдық әрекеттерін компьютерлік жүйелер арқылы орындауға мүмкіндік беретін технологиялар жиынтығы.

Биология пәні табиғат құбылыстарын, тірі ағзалардың құрылысын, қызметін, өзара байланысын және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым болғандықтан, жасанды интеллект мүмкіндіктерін сабақ барысында тиімді пайдалануға қолайлы пәндердің бірі.

Жасанды интеллектіні дұрыс қолдану мұғалімді алмастыруды емес, керісінше, оның кәсіби мүмкіндігін кеңейтуді көздейді. Мұғалім оқу мақсатын анықтап, оқушының жас ерекшелігіне сәйкес тапсырмаларды іріктеп, ал жасанды интеллект сол үдерісте көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады.

Биология сабағында жасанды интеллектіні әртүрлі бағытта қолдануға болады. Ең алдымен, ол оқу материалдарын дайындау кезінде мұғалімге көмек көрсетеді.Мысалы, мұғалім белгілі бір тақырып бойынша:

* сабақ жоспарының құрылымын әзірлеуге;
* деңгейлік тапсырмалар құрастыруға;
* тест сұрақтарын дайындауға;
* биологиялық терминдерге түсініктеме беруге;
* мәтінді оқушының жас ерекшелігіне қарай жеңілдетуге;
* зерттеу жұмыстарына идея ұсынуға;
* пікірталас сұрақтарын дайындауға;
* қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жасауға пайдалана алады.

Мәселен, «Жасушаның құрылысы» тақырыбын өткен кезде жасанды интеллект көмегімен жасуша органоидтарының қызметіне байланысты түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындауға болады. Ал «Адамның тыныс алу жүйесі» тақырыбында оқушыларға тыныс алу мүшелерінің қызметін салыстыру, олардың өзара байланысын түсіндіру немесе белгілі бір жағдайдағы өзгерістерді талдау тапсырмаларын ұсынуға мүмкіндік бар.

Көрнекілікті арттырудағы жасанды интеллектінің рөлі

Биология пәнінде көрнекілік ерекше маңызды. Себебі көптеген биологиялық үдерістерді оқушы бірден көзбен көре алмайды. Мысалы, жасушадағы зат алмасу, фотосинтез, генетикалық ақпараттың берілуі сияқты үдерістерді тек мәтін арқылы түсіндіру кей оқушы үшін күрделі болуы мүмкін. Жасанды интеллект көмегімен күрделі биологиялық ұғымдарды қарапайым тілде түсіндіруге, сызбалар мен иллюстрациялық материалдардың идеясын әзірлеуге болады.Мұндай тәсіл:

* оқушының визуалды қабылдауын қолдайды;
* күрделі тақырыптарды түсінуді жеңілдетеді;
* сабаққа қызығушылықты арттырады;
* ақпаратты есте сақтауға ықпал етеді.

Дегенмен жасанды интеллект жасаған кез келген визуалды немесе мәтіндік материалды мұғалім міндетті түрде тексеруі қажет. Қорыта айтқанда, жасанды интеллект – білім беру саласындағы жаңа мүмкіндіктердің бірі. Оны биология пәнін оқытуда орынды әрі мақсатты пайдалану сабақтың мазмұнын байытып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект арқылы мұғалім оқу материалдарын саралап, түрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындап, күрделі биологиялық үдерістерді түсіндіруге арналған қосымша ресурстар әзірлей алады.Алайда кез келген технология сияқты жасанды интеллектіні де мақсатсыз қолдануға болмайды. Оның тиімділігі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, педагогикалық мақсатына және ақпаратты дұрыс іріктей білуіне байланысты.

Бүгінгі мұғалім – тек білім беруші емес, оқушыны ақпаратты дұрыс іздеуге, талдауға, салыстыруға және сыни тұрғыдан бағалауға үйретететін тұлға. Сондықтан жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне сауатты енгізу – заманауи мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін арттырудың маңызды бағыттарының бірі

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы жаңа міндеттер: тіл, технология және тұлға

Дюсенгалиева Перизат Жарылқасынқызы,
"№1 Алға орта мектебі "КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педогог-модератор

Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағы бұрынғыдан өзгеше сипат алып келеді. Бұған білім беру мазмұнының жаңаруы ғана емес, оқушының ақпаратты қабылдау тәсілінің өзгеруі, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, әлеуметтік желілердің ықпалы және жасанды интеллект құралдарының күнделікті өмірге енуі әсер етуде. Бүгінгі оқушы ақпаратты көп алады, бірақ сол ақпараттың барлығын бірдей саралап, талдап, сауатты қолдана бермейді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – оқушыға тек тілдік ережені немесе көркем шығарманың мазмұнын меңгертумен шектелмей, оның ойлау, талдау, пікір білдіру, дәлелдеу және тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру. Қазақ тілі – оқу пәні ғана емес, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасайтын негізгі құралы. Ал әдебиет – оның рухани әлемін қалыптастыратын маңызды арна. Осы екі пәннің тоғысында оқушының тілдік тұлғасы қалыптасады. Сондықтан қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің қызметі білім беруші міндетінен әлдеқайда кең. Ол оқушыны ақпаратты тұтынушы емес, ақпаратты саралайтын, өз ойын сауатты жеткізетін және мәдени құндылықтарды бағалайтын тұлға ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қазақ тілін оқытудағы өзекті мәселелердің бірі – оқушының мектепте меңгерген тілін күнделікті өмірде қолдануы. Сабақ барысында оқушы белгілі бір сөздерді, грамматикалық құрылымдарды, мәтіндерді меңгеруі мүмкін. Алайда оның сол білімді табиғи қарым-қатынаста пайдалана алмауы – тіл үйрету үдерісіндегі маңызды мәселе. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабағы жасанды тілдік тапсырмалардан өмірлік жағдаяттарға біртіндеп жақындауы қажет. Мысалы, оқушыға тек сөйлем мүшелерін анықтату жеткіліксіз. Ол белгілі бір мәселе бойынша өз ойын ауызша жеткізіп, пікірін дәлелдеп, ресми немесе бейресми жағдайда тілдік нормаларды орынды қолдана білуі керек. Мектеп оқушысы болашақта түрлі ортада сөйлеседі, хат жазады, өтініш толтырады, ақпарат іздейді, пікірталасқа қатысады, әлеуметтік желіде мәтін жариялайды. Демек, қазақ тілі сабағында осы өмірлік қажеттіліктер ескерілуі маңызды. Қазіргі тілдік ортада тағы бір назар аударатын мәселе – аралас тілдің кең қолданылуы. Әлеуметтік желідегі қысқа мәтіндер, ауызекі тілдегі тілдік ықпал, калька және орынсыз шетел сөздерінің көбеюі оқушының сөйлеу мәдениетіне әсер етеді. Мұндай құбылысты тек «дұрыс» немесе «бұрыс» деп бағалау жеткіліксіз. Мұғалім оқушымен бірге оның себебін талдап, әдеби тілдің мүмкіндігін нақты мысалдар арқылы көрсетуі қажет. Мәселен, әлеуметтік желідегі жарнама мәтіндерін, қоғамдық орындардағы хабарландыруларды немесе интернеттегі пікірлерді талдау арқылы оқушы тілдің қоғамдағы нақты қолданысын көре алады.

Жасанды интеллект: мүмкіндік пе, әлде жаңа сын-қатер ме?

Бүгінгі білім беру кеңістігін жасанды интеллект құралдарынсыз елестету барған сайын қиындап келеді. Оқушы мәтін құрастыру, ақпарат іздеу, аудару, сұраққа жауап алу сияқты жұмыстарда түрлі цифрлық құралдарды пайдалана алады. Бұл жағдай қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің жұмысын да өзгертуді талап етеді. Жасанды интеллектіні тек дайын жауап беретін құрал ретінде қарастыру дұрыс емес. Оны оқушының сыни ойлауын дамытуға пайдалануға болады. Мысалы, мұғалім жасанды интеллект арқылы жасалған мәтінді оқушыға ұсынып, оның тілдік, стильдік және мазмұндық кемшіліктерін тапқызуы мүмкін. Немесе белгілі бір әдеби шығарма туралы жасалған қысқаша талдауды оқушыға беріп, оның мәтінге қаншалықты сәйкес келетінін дәлелдетуге болады. Бұл жерде ең маңызды мәселе – дайын мәтінді оқушының өз еңбегі ретінде ұсынуына жол бермеу. Себебі қазақ тілі мен әдебиетінің түпкі мақсаты – дайын жауап алу емес, адамның өз ойын тіл арқылы қалыптастыру. Сондықтан мұғалім үшін «ЖИ қолдануға бола ма?» деген сұрақпен қатар «оны білім алудың сапасын арттыру үшін қалай пайдалануға болады?» деген сұрақ та маңызды.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі үшін ең маңызды кәсіби міндеттердің бірі – оқушының сөзін тыңдау. Кейде сабақта мұғалімнің түсіндіруіне көп уақыт бөлініп, оқушының өз ойын айтуына мүмкіндік аз қалады. Ал тіл үйренудің табиғаты бойынша оқушының сөйлеуі, жазуы, пікір айтуы және пікірін қорғауы үнемі жаттығуды қажет етеді.

Сондықтан заманауи сабақта мұғалім бағыттаушы, ұйымдастырушы және кері байланыс беруші рөлін атқара отырып, оқушыға көбірек тілдік әрекет жасауға мүмкіндік бергені жөн.

Қорытындылай айтқанда, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы қазіргі міндеттер пәннің мазмұнын жаңартумен ғана шектелмейді. Ең басты мәселе – оқушының алған білімін өмірде қолдана алатын, көркем мәтінді түсініп оқитын, ақпаратты саралайтын, өз ойын қазақ тілінде еркін әрі сауатты жеткізетін тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау.

Технология өзгеруі мүмкін, оқу құралдары жаңаруы мүмкін, жасанды интеллектінің мүмкіндіктері одан әрі кеңеюі мүмкін. Бірақ тілдің адамды адаммен байланыстыратын, ал әдебиеттің адамды өзін және қоғамды тануға жетелейтін қызметі өзгермейді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің басты міндеті – жаңа технологияны дәстүрлі құндылықтарға қарсы қою емес, оларды тиімді ұштастырып, оқушының тілдік және рухани дамуына бағыттау.

Қазақ тілін меңгерген, әдебиетті түсінетін, өз ойын дәлелді әрі мәдениетті жеткізе алатын ұрпақ – кез келген өзгермелі қоғам үшін маңызды құндылық. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бүгінгі мектептегі орны ерекше әрі жауапты.

Бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі

Дюсенгалиева Перизат Жарылқасынқызы,
«№1 Алға орта мектебі» КММ педогог-модераторы

Бастауыш мектеп – баланың білім әлеміне алғаш қадам басатын, оның оқу дағдысы, ойлау жүйесі, қарым-қатынас мәдениеті мен өзіне деген сенімі қалыптасатын маңызды кезең. Осы уақытта оқушының білім алуға деген қызығушылығы мен мектепке деген көзқарасы қалыптасып, кейінгі оқу жетістіктерінің негізі қаланады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің міндеті тек әріп танытып, оқытып, жаздырып, қарапайым математикалық амалдарды үйретумен шектелмейді. Мұғалім баланың қоршаған ортаны түсінуіне, өз ойын еркін жеткізуіне, ақпаратты қабылдап, оны талдауына және алған білімін күнделікті өмірде қолдануына бағыт береді. Әсіресе қазіргі білім беру үдерісінде оқу сауаттылығын қалыптастыру бастауыш сыныптағы негізгі міндеттердің біріне айналып отыр. Оқу сауаттылығы дегеніміз – оқушының мәтінді оқып қана қоймай, оның мазмұнын түсінуі, негізгі ойын анықтауы, қажетті ақпаратты табуы, мәтіндегі ойға қатысты өз пікірін білдіруі және алған ақпаратын өмірлік жағдаяттарда қолдана білуі. Бастауыш сынып оқушысы үшін бұл дағдылар бірден қалыптаспайды. Ол жүйелі жұмысты, дұрыс ұйымдастырылған тапсырмаларды және мұғалімнің тұрақты қолдауын қажет етеді. Мысалы, оқушыға белгілі бір мәтінді оқытып, оның мазмұнын қайталап айтқызу жеткіліксіз. Мұғалім мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруге, оқиғаның себебін анықтауға, өз тәжірибесімен байланыстыруға, мәтін бойынша болжам жасауға мүмкіндік бергені жөн. Осындай жұмыстар арқылы бала дайын жауапты қабылдамай, өздігінен ойлануға үйренеді.

Бастауыш сыныптағы оқу сауаттылығын дамытуда көркем әдеби мәтіндердің маңызы ерекше. Балаларға жас ерекшелігіне сай әңгімелер, ертегілер, өлеңдер мен танымдық мәтіндерді ұсыну олардың сөздік қорын молайтып қана қоймай, дүниетанымын кеңейтеді. Мәтінді оқу барысында мұғалім оқушының назарын маңызды сөздерге, оқиға желісіне, кейіпкерлердің әрекетіне аударуы қажет. Мысалы, «Кейіпкер не үшін осындай әрекет жасады?», «Егер сен оның орнында болсаң не істер едің?», «Оқиға әрі қарай қалай жалғасуы мүмкін?», «Мәтіннен қандай ой түйдің?» деген сұрақтар баланың мәтінді тереңірек түсінуіне ықпал етеді. Мұндай сұрақтар арқылы оқушы бір ғана дұрыс жауапты іздемей, өзінің ойын дәлелдеуге, пікірін жүйелі жеткізуге дағдыланады.

Қазіргі бастауыш білім беру тәжірибесінде оқушының белсенділігін арттыратын әдістерді тиімді пайдалану да маңызды. Дегенмен кез келген әдісті сабаққа тек қызықты болғаны үшін енгізу дұрыс емес. Әдіс ең алдымен оқу мақсатына қызмет етуі керек. Мәселен, мәтінмен жұмыс кезінде «Болжау», «Сұрақ-жауап», «Оқиғаны ретімен орналастыру», «Кейіпкерге хат жазу», «Мәтінге басқа атау ұсыну» сияқты тапсырмаларды қолдануға болады. Бұл жұмыстардың әрқайсысы оқушының белгілі бір дағдысын дамытуға бағытталады. Бір тапсырма ақпаратты табуға үйретсе, екіншісі салыстыруға, үшіншісі қорытынды жасауға, тағы бірі өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді. Осылайша бір ғана мәтін арқылы бірнеше оқу әрекетін ұйымдастыруға болады. Оқу сауаттылығын қалыптастыру тек қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарының міндеті деп қарастыруға болмайды. Бұл дағды барлық пәндермен тығыз байланысты. Математика сабағында есептің шартын дұрыс түсіну, дүниетану немесе жаратылыстану сабақтарында ақпаратты оқып, маңызды деректерді ажырату, көркем еңбек барысында нұсқаулықты түсіну де оқушының оқу сауаттылығына жатады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі әр сабақта баланың мәтінмен жұмыс жасауына мүмкіндік бергені дұрыс. Оқушыға дайын ақпаратты берудің орнына, оны ақпаратты өзі іздеуге, салыстыруға және қорытындылауға бағыттау баланың танымдық белсенділігін арттырады.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың дамуы да бастауыш сыныптағы оқу үдерісіне жаңа мүмкіндіктер беріп отыр. Электронды мәтіндер, интерактивті тапсырмалар, білім беру платформалары мен мультимедиялық материалдар оқушының қызығушылығын арттыра алады. Алайда технология мұғалімді алмастыратын құрал емес, оқу мақсатына жетуге көмектесетін мүмкіндік ретінде қарастырылуы тиіс. Мұғалім цифрлық ресурсты таңдағанда оның мазмұнына, оқушының жас ерекшелігіне және нақты оқу мақсатына назар аударуы қажет. Технологияны орынды қолдану баланың ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушысының оқу сауаттылығын дамытуда ата-анамен ынтымақтастықтың да орны ерекше. Баланың оқу әрекеті мектеппен ғана шектелмеуі керек. Үйде кітап оқу, оқыған мәтіні туралы әңгімелесу, күнделікті өмірдегі жазулар мен ақпараттарды бірге талдау баланың оқу дағдысын табиғи түрде қалыптастырады. Мысалы, ата-ана баламен бірге дүкендегі өнімнің атауын, қоғамдық орындардағы ақпараттық жазуларды немесе қарапайым нұсқаулықтарды оқып, олардың мағынасын талқылай алады. Мұндай қарапайым әрекеттер баланың «оқу – тек сабақта орындалатын жұмыс» деген түсініктен арылып, оқудың күнделікті өмірмен байланысты екенін түсінуіне мүмкіндік береді.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оқушының оқу сауаттылығын қалыптастыру үдерісінде шешуші рөл

атқарады. Әр баланың оқу қарқыны, қабылдау ерекшелігі мен қызығушылығы әртүрлі болғандықтан, мұғалім тапсырмаларды оқушының мүмкіндігіне қарай саралап ұсынуы қажет. Бір оқушы мәтінді жылдам түсініп, өз пікірін еркін жеткізсе, екінші оқушыға мәтінді бірнеше рет оқу немесе қосымша сұрақтар қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оқушыны бір-бірімен салыстыру емес, оның жеке ілгерілеуін бақылау маңызды. Баланың кішкентай жетістігін дер кезінде байқап, қолдау көрсету оның өз күшіне деген сенімін арттырады.

Қорытындылай айтқанда, бастауыш сыныпта қалыптасқан оқу дағдысы баланың кейінгі білім алуына тікелей әсер етеді. Оқу сауаттылығы – тек мәтінді дұрыс оқу немесе мазмұнын айтып беру емес, ақпаратты түсіну, талдау, бағалау, өз ойын жеткізу және білімді өмірде қолдана білу қабілеті. Осы дағдыларды қалыптастыруда бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби ізденісі, оқушыға деген сенімі және сабақты мақсатты ұйымдастыруы ерекше маңызға ие. Балаға дайын жауап беруден гөрі, дұрыс сұрақ қойып, оны өздігінен ойлануға жетелеу – қазіргі мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі. Себебі бастауыш мектепте оқушыға берілген білімнен де маңыздысы – оның білімді өздігінен іздеуге, түсінуге және қолдануға деген қабілетін қалыптастыру.



Пәнаралық кіріктіру негізінде бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру

Сейлова Айнур Ибрагимовна
Қызылорда "Болашақ" университеті Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты

Мақалада бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі ретінде пәнаралық кіріктірудің педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың бойында мейірімділік, адалдық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, достық, еңбекқорлық, отансүйгіштік сияқты құндылықтарды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері ұсынылады. Автордың педагогикалық тәжірибесі негізінде әдебиеттік оқу, қазақ тілі, дүниетану, математика, көркем еңбек пәндерінің мазмұнын өзара сабақтастыра отырып, адамгершілік құндылықтарды оқушының күнделікті өмірімен байланыстыру жолдары сипатталады.

Бастауыш мектеп – баланың дүниетанымы, мінез-құлқы, қарым-қатынас мәдениеті мен адамгершілік ұстанымдары қалыптасатын маңызды кезең. Бұл жаста оқушы үлкендердің әрекетін бақылау, көркем шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін талдау, өз тәжірибесімен салыстыру және нақты әрекет арқылы құндылықтарды меңгереді.

Сондықтан адамгершілік тәрбиені жеке бір тәрбие сағатының мазмұнымен шектемей, оны барлық оқу пәндерінің мазмұнына жүйелі түрде кіріктірудің маңызы зор. Қазақстандағы білім беру әдістемелік құжаттарында да оқу пәндерінің мазмұнына құндылықтарды кіріктіру тәрбиелік әлеуетті күшейтудің тетігі ретінде көрсетіледі.

Пәнаралық кіріктірудің тәрбиелік мүмкіндігі

Пәнаралық кіріктіру – әртүрлі оқу пәндеріндегі білім мен дағдыларды ортақ тақырып, мәселе немесе құндылық төңірегінде байланыстыра оқыту.

Мысалы, «Қамқорлық» тақырыбын бірнеше пәнмен байланыстыруға болады:

- Әдебиеттік оқу: қамқорлық туралы мәтінді оқу, кейіпкер әрекетін бағалау;
- Қазақ тілі: «Қамқорлық», «мейірімділік», «достық» сөздерімен сөйлем құрау;
- Дүниетану: отбасындағы өзара көмек пен қоғамдық жауапкершілік туралы әңгімелесу;
- Математика: қайырымдылыққа немесе ортақ іске байланысты өмірлік есептер шығару;
- Көркем еңбек: «Мейірімді жүрек» тақырыбында шығармашылық жұмыс орындау.

Осылайша бір құндылық әр пәнде әртүрлі әрекет арқылы бекітіледі. Бала адамгершілік ұғымын тек естіп қана қоймай, оны оқиды, талдайды, сөйлейді, есептейді, бейнелейді және әрекет етеді.

Әдебиеттік оқу арқылы адамгершілік тәрбие

Әдебиеттік оқу пәнінің тәрбиелік әлеуеті өте жоғары. Қолданыстағы оқу бағдарламасында көркем шығармалар арқылы оқушылардың өзара түсінісу, сыйластық, құрмет, адамгершілік және жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру міндеттері көрсетілген.

Өз тәжірибемде көркем мәтінді оқыту барысында оқушыға дайын моральдық қорытынды беруге асықпаймын. Керісінше, кейіпкердің әрекетін талдату арқылы оқушының өзіндік пікірін қалыптастыруға мүмкіндік беремін.

Мысалы:

«Егер сен кейіпкердің орнында болсаң не істер едің?»

«Кейіпкердің әрекетінен қандай адамгершілік қасиетті байқадың?»

«Осы жағдай сенің өміріңде кездессе, қандай шешім қабылдар едің?»

сияқты сұрақтар оқушыны ойлануға, салыстыруға және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға жетелейді.

Қазақ тілі сабағындағы тәрбиелік бағыт

Қазақ тілі сабақтарында адамгершілік тәрбиені тілдік тапсырмалармен ұштастыруға болады. Мысалы, «Адалдық», «Достық», «Отбасы», «Қамқорлық», «Туған жер» тақырыптарында мәтін құрастыру, мақал-

мәтелдердің мағынасын ашу, диалог құру, жағдаят бойынша пікір айту тапсырмалары беріледі.

Бұл жұмыстар бір мезетте әрі тілдік, әрі тәрбиелік мақсатты жүзеге асырады.

Дүниетану пәні арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру

Дүниетану пәнінде отбасы, қоғам, туған өлке, табиғат, еңбек, қауіпсіздік, мәдениет тақырыптарын адамгершілік тәрбиемен байланыстыруға мол мүмкіндік бар.

Мысалы, «Менің отбасым» тақырыбында оқушылар отбасы мүшелерінің еңбегін бағалауды; «Туған өлкем» тақырыбында туған жерге жауапкершілікпен қарауды; табиғат тақырыптарында қоршаған ортаны қорғауды үйренеді.

Бұл бағыт қазіргі білім берудегі жауапкершілік, ізгілік және қоғамға пайдалы әрекет ету құндылықтарымен де сабақтас.

Математика сабағында адамгершілік тәрбие беру

Математика пәні тек есеп шығарумен шектелмейді. Өмірлік мазмұндағы есептер арқылы адалдық, ұқыптылық, жауапкершілік, үнемшілдік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болады.

Мысалы:

«Отбасы мүшелері демалыс күні аула тазалауға көмектесті. Әр бала 5 көшеттен отырғызды. Балалар табиғатты қорғау үшін тағы қандай әрекет жасай алады?»

Мұндай тапсырма математикалық білімді қолданумен қатар, оқушыны табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді.

Көркем еңбек пен STEAM бағытындағы кіріктіру

Көркем еңбек сабақтарында оқушының шығармашылығын адамгершілік мазмұнмен байланыстыруға болады. Мысалы, «Жақсылық жаса», «Менің отбасым», «Достық әлемі», «Табиғатты аялайық» тақырыптарында шығармашылық жобалар орындатамын.

STEAM элементтерін қолдану арқылы оқушылар топпен жұмыс істеп, бір-бірінің пікірін тыңдауға, міндеттерді бөлісуге, ортақ нәтижеге жауап беруге үйренеді.

Бұл жерде адамгершілік тәрбие сөзбен түсіндіруден гөрі, бірлескен әрекет барысында тәжірибе арқылы қалыптасады.

Менің педагогикалық тәжірибем

Өз тәжірибемде пәнаралық кіріктіруді оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен қатар жүргізуге тырысамын. Сабақ барысында өмірлік жағдаяттарды, проблемалық сұрақтарды, зерттеушілік тапсырмаларды, шығармашылық жұмыстарды және цифрлық құралдарды тиімді пайдаланамын.

Жасанды интеллект құралдарын да тәрбиелік мазмұндағы тапсырмаларды түрлендіру үшін қолданамын. Мәселен, белгілі бір адамгершілік жағдаят бойынша бірнеше шешім нұсқасын ұсынып, оқушыларға олардың салдарын талдатуға болады. Бұл жағдайда технология мақсат емес, оқушының ойлауына мүмкіндік беретін құрал ретінде пайдаланылады.

Мен үшін ең маңызды нәтиже – оқушының сабақ соңында адамгершілік туралы анықтама айтуы ғана емес, оны күнделікті өмірінде көрсете алуы.

Сондықтан сабақтарымда:

«Білімді болу – жеткіліксіз, білімді ізгілікке жұмсай білу маңызды»

деген ұстанымды басшылыққа аламын.

Қорытынды

Пәнаралық кіріктіру негізінде адамгершілік тәрбие беру – оқушының білімін, дүниетанымын және мінез-құлық мәдениетін біртұтас дамытуға мүмкіндік беретін тиімді бағыт.

Әр пәннің өзіндік мазмұнын сақтай отырып, ортақ адамгершілік құндылықтарды сабақтастыра оқыту арқылы бала ойлайды, сезінеді, талдайды, таңдау жасайды және әрекет етеді.

Демек, адамгершілік тәрбие – жеке бір сабақтың міндеті емес, бүкіл оқу-тәрбие үдерісінің өзегі. Мұғалім әр пәннің мүмкіндігін тиімді пайдалана отырып, оқушының бойында ізгілік, адалдық, жауапкершілік, құрмет пен қамқорлық қасиеттерін жүйелі қалыптастыра алады.

Нағыз тәрбиелі тұлға – жақсыны біліп қана қоймай, жақсылықты әрекетімен көрсете алатын тұлға..

Физика және математика сабақтарында жасанды интеллектіні қолдану арқылы оқытудың тиімділігін арттыру

Құдабаева Ләйля Қожабекқызы
№217 IT-мектеп-лицейінің математика-физика пәні мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Аннотация. Мақалада физика және математика пәндерін оқыту үдерісінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. Жасанды интеллект арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, күрделі тақырыптарды түсіндіру, есептерді шешу дағдыларын дамыту және білімді жеке қажеттіліктеріне сәйкес меңгеру жолдары сипатталады. Сонымен қатар мұғалімнің кәсіби қызметіндегі цифрлық технологиялардың рөлі мен оларды тиімді пайдаланудың негізгі шарттары айқындалады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, физика, математика, цифрлық білім беру, оқыту әдістемесі, функционалдық сауаттылық, сыни ойлау.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушының алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын, өздігінен шешім қабылдайтын және сыни тұрғыдан ойлайтын тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жетуде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісіне енгізудің маңызы артып келеді.

Физика мен математика – оқушылардан логикалық ойлауды, талдауды, есептеу дағдыларын және заңдылықтарды түсінуді талап ететін пәндер. Алайда кейбір оқушылар үшін күрделі формулаларды меңгеру, есептің шешу жолын анықтау немесе физикалық құбылыстарды көз алдына елестету қиындық туғызуы мүмкін. Мұндай жағдайда жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану оқыту үдерісін түрлендіріп, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

ЮНЕСКО материалдарында жасанды интеллектіні білім беру саласында қолдану кезінде адамға бағдарланған ұстанымды сақтау, мұғалімнің кәсіби жауапкершілігін және оқушының дербес ойлау қабілетін қорғау қажеттігі атап көрсетіледі [1].

Жасанды интеллект – мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оқу материалдарын әзірлеуге, тапсырмаларды түрлендіруге және оқушының білім алуына қосымша қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін технологиялық құрал. Оның тиімділігі технологияны сабақ мақсатына сай қолдануға байланысты.Математика сабақтарында жасанды интеллектіні бірнеше бағытта пайдалануға болады. Біріншіден, күрделі есептерді кезең-кезеңімен талдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, оқушылардың білім деңгейіне қарай әртүрлі күрделіліктегі тапсырмалар әзірлеуге көмектеседі. Үшіншіден, есептің шешу жолдарын салыстыру, жіберілген қателерді анықтау және математикалық заңдылықтарды түсіндіру үшін қосымша ресурс бола алады. Мысалы, квадрат теңдеулер тақырыбын өткенде мұғалім жасанды интеллект көмегімен бір есептің бірнеше шешу жолын ұсына алады. Оқушылар шешімдерді салыстырып, қай әдістің тиімді екенін анықтайды және өз таңдауын математикалық дәлелдермен негіздейді. Бұл тапсырма оқушыны дайын жауапты қабылдауға емес, ойлануға, талдауға және қорытынды жасауға жетелейді.

Физика сабақтарында жасанды интеллектіні физикалық заңдарды түсіндіру, есептер құрастыру, тәжірибе нәтижелерін талдау және құбылыстардың себеп-салдарын анықтау мақсатында қолдануға болады. Мысалы, «Ньютон заңдары» тақырыбында оқушыларға күнделікті өмірден алынған қозғалыс жағдайлары ұсынылады. Жасанды интеллект арқылы осы жағдайларға байланысты сұрақтар әзірленіп, оқушылар күш, масса және үдеу арасындағы байланысты анықтайды. Сондай-ақ графиктер мен сызбаларды түсіндіру, физикалық шамалардың арасындағы тәуелділікті талдау және теориялық білімді тәжірибелік жағдайлармен байланыстыру сабақтың мазмұнын тереңдетуге ықпал етеді.

Физика және математика пәндерінде әртүрлі цифрлық құралдарды сабақтың нақты мақсатына сәйкес пайдалануға болады.

1. ChatGPT арқылы тапсырмалар әзірлеу және түсіндіру. Мұғалім белгілі бір тақырыпқа сай деңгейлік есептер, логикалық сұрақтар, өмірмен байланысты жағдаяттар мен қайталау тапсырмаларын құрастыра алады. Оқушы есептің шешу жолын сұрап, кейін ұсынылған жауаптың дұрыстығын тексереді.

2. GeoGebra арқылы математикалық заңдылықтарды визуализациялау. Функциялардың графиктерін, геометриялық фигураларды және параметрлер өзгергендегі нәтижелерді көрнекі түрде көрсетуге болады. Бұл оқушылардың абстрактілі ұғымдарды түсінуіне көмектеседі. GeoGebra – математикалық зерттеуге арналған цифрлық құрал, оны жасанды интеллект жүйесімен бірдей ұғым ретінде қарастырмаған жөн.

3. Wolfram Alpha арқылы есептеу нәтижелерін тексеру. Алгебралық өрнектерді түрлендіру, теңдеулерді шешу және математикалық есептеулердің нәтижелерін салыстыру кезінде пайдалануға болады. Дегенмен оқушы тек соңғы жауаппен шектелмей, шешу алгоритмін түсіндіруі керек.

4. Жасанды интеллект көмегімен сараланған тапсырмалар дайындау. Бір тақырып бойынша жеңіл, орташа және күрделі тапсырмалар әзірлеу арқылы оқушылардың дайындық деңгейіне сай жұмыс ұйымдастыруға болады. Бұл әр оқушының оқу қарқынын ескеруге мүмкіндік

береді.

Жасанды интеллектіні физика және математика сабақтарында қолдану – оқыту әдістерін жетілдіруге, оқу материалдарын түрлендіруге және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін бағыт. Оның көмегімен күрделі ұғымдарды түсіндіруге, есептерді бірнеше тәсілмен шешуге, білімді бекітуге және оқушылардың жеке оқу қажеттіліктерін ескеруге болады.

Алайда жасанды интеллект мұғалімнің орнын алмастыратын құрал емес, оның кәсіби қызметін толықтыратын көмекші технология болуы тиіс. Оқушының дайын жауапты көшіруі емес, мәселені түсінуі, шешімін дәлелдеуі және өз қатесін анықтай алуы маңызды.

Сондықтан физика және математика пәні мұғалімінің басты міндеті – жасанды интеллект мүмкіндіктерін оқу мақсатына сай пайдаланып, оқушыны технологияны саналы қолдануға, ақпаратты тексеруге және өз бетінше ойлауға үйрету. Осылайша дәстүрлі білім беру тәжірибесі мен заманауи цифрлық мүмкіндіктерді ұштастыру арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді оқу ортасын қалыптастыруға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research. Paris: UNESCO, 2023.

2. UNESCO. AI Competency Framework for Teachers. Paris: UNESCO, 2024.

3. GeoGebra. Математиканы оқыту мен зерттеуге арналған цифрлық платформа. https://www.geogebra.org/

4. Wolfram Alpha. Есептеу және математикалық талдау жүйесі. https://www.wolframalpha.com/

Музыка пәні оқушыға не береді?

Әби Алина Әбиқызы
Музыка пәні

Музыка сабағы білім беретін мектептердегі пәндер арасында айрықша эстетикалық және интеллектуалдық орын алады. Бұл пән баланың ойлау жүйесін кеңейтіп, оның өнерге, сұлулыққа деген ынтасын арттыратын негізгі құралдардың бірі. Музыкалық білім беру баланың жас ерекшелігіне сай жүргізіліп, оның бойындағы шығармашылық бастамаларды оятуды көздейді. Бұл сабақ барысында оқушылар әлемдік және отандық музыка мәдениетінің жауһарларымен танысады. Адам баласы ежелден өз эмоциясын, қуанышы мен қайғысын дыбыстар арқылы білдіруді үйренген болса, бұл пән оқушыларға сол дыбыстар әлемінің сырын ашуға көмектеседі. Мектеп қабырғасында музыка пәнін тереңдетіп оқыту — болашақта өнерді түсінетін, талғамы жоғары, рухани бай азаматтарды тәрбиелеудің негізі.

Ғылыми зерттеулер музыкамен айналысу адам миының қос жарты шарын да қатар дамытатынын дәлелдеген. Музыка пәніндегі ырғақты сезіну, ноталарды оқу және әуенді есте сақтау жаттығулары баланың логикалық және кеңістіктік ойлауын жақсартады. Сондай-ақ, ырғақтық жаттығулар ұсақ моториканы дамытып, зейінді шоғырландыруға зор септігін тигізеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, музыка сабағы балалардағы стресс пен эмоционалдық кернеуді азайтатын терапиялық құрал қызметін атқарады. Оқушылар мектептегі күрделі математикалық немесе жаратылыстану сабақтарынан кейін музыка пәнінде эмоционалдық демалыс алып, өздерінің ішкі сезімдерін шығармашылық арқылы сыртқа шығаруға мүмкіндік алады. Бұл олардың психикалық денсаулығының мықты болуына оң ықпал етеді.

Қазақ халқының бай өнер мұрасында музыканың орны ерекше екені белгілі. Мектептегі музыка пәні арқылы оқушылар халық әндерімен, күйлермен және дәстүрлі аспаптардың шығу тарихымен танысады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет сияқты ұлы күйшілердің туындылары, Абай мен Біржан салдың әндері оқушыларға ұлттық идентичносты, патриотизмді тәрбиелеуде баға жетпес құрал болып табылады. Күй ырғағындағы тереңдік пен еркіндік, әндердегі сыршылдық баланың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттырады. Домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты ұлттық аспаптардың үні арқылы бала тарихи зердені бойына сіңіріп, бабалар аманатына адал болуды үйренеді. Бұл мектептегі музыка сабақтарының басты идеялық ұстанымдарының бірі.

Музыка пәні тек ұлттық өнермен шектелмей, оқушыларды әлемдік классикалық музыка мәдениетімен де таныстырады. Бах, Моцарт, Бетховен, Шопен және Чайковский сияқты ұлы композиторлардың шығармаларын тыңдау мен талдау оқушылардың эстетикалық талғамын жоғары деңгейге көтереді. Классикалық музыканың құрылымы, ондағы гармония мен динамика балалардың күрделі музыкалық формаларды түсінуіне жол ашады. Сабақ барысында әртүрлі дәуірлердегі (барокко, классицизм, романтизм, импрессионизм) музыкалық стильдерді салыстыру арқылы оқушылар әлемдік өнер тарихының даму логикасын түсіне бастайды. Бұл олардың жалпы эрудициясын кеңейтіп, кез келген өнер туындысына сыни әрі бағалаушы көзқараспен қарауына септігін тигізеді.

Заманауи музыка сабағы тек теориялық дәрістермен немесе жай әуен тыңдаумен шектелмейді; мұнда белсенді орындаушылық іс-әрекеттерге үлкен мән беріледі. Олардың қатарына хормен ән айту, ансамбльде ойнау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар және қарапайым шулы аспаптарда импровизация жасау жатады. Хормен ән айту оқушыларды ұйымшылдыққа, ұжымда жұмыс істеуге, бір-бірін тыңдай білуге баулиды. Адамның өз дауысы — бұл ең табиғи әрі қолжетімді музыкалық аспап, ал оны дұрыс меңгеру тыныс алуды реттеп, сөйлеу дикциясын жақсартады. Сабақтағы импровизация элементтері балалардың батылдығын арттырып, сахналық немесе көпшілік алдында өзін еркін ұстау дағдыларын қалыптастырады.

Музыка — бұл оқшауланған пән емес, ол мектеп бағдарламасындағы көптеген ғылымдармен тығыз интеграцияланады. Механикалық тербелістер мен звукорядтар физика мен акустика ғылымына сүйенсе, ноталардың ұзақтығы мен ритмдік есептеулер математикалық логикаға негізделген. Музыкалық шығармалардың шығу тарихын оқыту тарих пен география пәндерімен тікелей байланысты. Ал ән мәтіндерін талдау мен орындау әдебиет пен тіл білімін тереңірек түсінуге жәрдемдеседі. Осылайша, музыка пәні білім берудегі STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер, математика) концепциясының ажырамас бөлігіне айналып, оқушыларға әлемнің тұтастығын қабылдауға мүмкіндік береді.

Цифрландыру дәуірі мектептегі музыка пәнін оқыту әдістемесіне де үлкен өзгерістер енгізді. Мұғалімдер қазіргі сабақтарда сандық интерактивті тақталарды, виртуалды музыкалық аспаптарды, арнайы бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды кеңінен қолданады. Бұл оқушыларға ноталық сауатты цифрлық форматта меңгеруге, өздерінің алғашқы әуендерін компьютерлік бағдарламаларда (DAW) жазуға және аранжировка жасауға мүмкіндік береді. Сандық форматтағы аудио және видео фонотекалар дүниежүзінің ең үздік опералық немесе симфониялық залдарынан тікелей трансляциялар көрсетуге жағдай жасайды. Технологияның интеграциясы сабақты тартымды етіп қана қоймай, заманауи оқушылардың қызығушылығын арттырудың басты құралына айналды.

Музыка пәні инклюзивті білім беру ортасын құруда таптырмас құрал болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін музыкалық әрекеттер сыртқы әлеммен байланыс орнатудың және өзін білдіру-

дің тиімді арнасы болып табылады. Музыкада сөзбен айтып жеткізе алмайтын сезімдер мен сәттерді үн арқылы жеткізуге болады, бұл аутизм спектрі бұзылған немесе сөйлеу қабілеті шектелген балаларға үлкен көмек береді. Музыкалық терапия элементтерін сабаққа енгізу арқылы мұғалімдер сыныпта позитивті психологиялық климат қалыптастырып, барлық оқушылардың тең дәрежеде сабаққа қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл өнердің тосқауылсыз екенін және барлық адамға ортақ құндылық екенін дәлелдейді.

Музыка сабағының сәтті болуы ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, педагогикалық талантына және өнерге деген сүйіспеншілігіне байланысты. Қазіргі заманғы музыка мұғалімі тек аспапта ойнай білетін маман емес, ол — ұйымдастырушы, креативті фасилитатор, баланың жан дүниесін түсінетін психолог. Педагог сабақты қызықты әрі мазмұнды өткізу үшін жаңа методикаларды, ойын элементтерін және жобалық жұмыстарды шебер қолдана білуі тиіс. Оқушылардың музыкаға деген ынтасын жоғалтып алмас үшін мұғалім классикалық мұра мен заманауи музыкалық тенденциялар арасындағы алтын көпірді таба білуі керек. Баланы орындаушылыққа мәжбүрлемей, оның ішкі потенциалын ашу — мұғалімнің басты міндеті.

Қорытындылай келе, мектептегі музыка пәні — бұл жай ғана кестедегі бір сабақ емес, ол болашақ қоғамның рухани-адамгершілік келбетін қалыптастыратын стратегиялық мәні бар пән. Технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамып жатқан заманда адамға тән шынайы эмоцияларды, эстетикалық қабылдауды және шығармашылық интуицияны сақтап қалу өте маңызды. Музыка пәні оқушылардың бойында дәл осы гуманистік сапаларды дамытады. Мектеп қабырғасында сапалы музыкалық білім алған бала өмірде мейірімді, өнерді бағалай білетін, рухани тұрғыдан бай тұлға болып қалыптасады. Сол себепті музыка пәнін әрі қарай дамыту, оның материалдық-техникалық базасын жаңарту және бағдарламасын заман талабына сай жетілдіру — білім беру жүйесінің маңызды басымдықтарының бірі болып қала бермек.

Бала мүмкіндігін дамыту — кәсіби қолдау мен жүрек жылуының үйлесімі

Куттыбаева Раушан Толепбергеновна
«Алматы қаласы Әуезов ауданының психологиялық- педагогикалық түзеу кабинеті» КММ басшы, логопед, педагог- сарапшы.

«Балаға берілген ең үлкен сыйлық – оның мүмкіндігіне сену»

Әр баланың бойында ашылмаған мүмкіндік бар. Бір бала ойын еркін жеткізсе, енді бірі ойын қимыл арқылы білдіреді. Бірі тапсырманы бірден қабылдаса, екіншісіне бірнеше рет қайталау, қосымша түсіндіру және үздіксіз қолдау қажет болуы мүмкін. Мұндай жағдайда баланы өзгелермен салыстыру емес, оның кеше қандай болғанын және бүгін қандай нәтижеге жеткенін бағалау маңызды.

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті – осындай балаларға кәсіби әрі жүйелі қолдау көрсететін ерекше орта. Қолданыстағы талаптарға сәйкес ППТК даму ерекшеліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіп, жеке, шағын топтық және топтық түзете-дамыту сабақтарын ұйымдастырады. Бұл жұмыстың нәтижелі болуы тек бір маманның еңбегіне байланысты емес.

Баланың дамуын бақылау, оның қажеттілігін анықтау, түзету бағытын белгілеу, ата-анамен байланыс орнату және нәтижені бағалау – өзара сабақтас біртұтас үдеріс. Басшы үшін ең маңызды көрсеткіштердің бірі – кабинеттегі әр маманның өз жұмысын сапалы атқаруына қажетті жағдайдың жасалуы. Мысалы, кабинетке алғаш келген бала сабақ барысында тапсырмаларды орындауға қиналып, ата-анасынан ажырағысы келмей, маманмен байланысқа түсуге қарсылық білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда мәселені тек баланың мінез-құлқынан іздеу дұрыс емес.

Сөйлеу – баланың қоршаған ортамен байланыс құралы. Өз ойын жеткізе алған бала біртіндеп өзіне сенімді бола бастайды. Сондықтан логопедтің жұмысы дыбысты дұрыс айтқызумен ғана шектелмейді. Логопед баланың дыбыстық жағын, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, фонематикалық қабылдауын, сөйлем құрауын және қарым-қатынас дағдыларын жүйелі түрде дамытады. Мысалы, сабақтың алғашқы кезеңінде бала «доп», «су», «бер» сияқты жекелеген сөздермен ғана шектелуі мүмкін. Мамандардың жүйелі жұмысы нәтижесінде ол:

«Доп берші»

«Мен қызыл доппен ойнаймын»

«Допты іниме бердім» сияқты күрделірек сөйлемдер құрай бастайды.

Бұл сырт көзге қарапайым болып көрінгенімен, бала үшін үлкен жетістік.

Логопед жұмысының тағы бір маңызды ерекшелігі – әр баланың даму қарқыны әртүрлі екенін қабылдау. Бір бала белгілі бір дыбысты бірнеше сабақтан кейін меңгеруі мүмкін. Екіншісіне ұзақ уақыт қажет болады. Сондықтан логопед үшін ең маңызды өлшем – дайын қалыпқа келтіру емес, баланың жеке даму динамикасы. Мәселен, бала бұрын сурет бойынша бір ғана сөз айтса, бірнеше айдан кейін суретке қарап екі-үш сөйлем құраса, бұл – нақты нәтиже. Осы тұста логопедтің кәсіби шеберлігі мен педагогикалық сабыры қатар көрінеді.

Бір баланың жетістігі – бір маманның ғана еңбегі емес ППТК жағдайындағы ең маңызды қағидалардың бірі – командалық жұмыс. Бір маман баланың сөйлеуіндегі ерекшелікті байқайды. Екіншісі оның танымдық мүмкіндігін бағалайды. Үшіншісі эмоционалдық жағдайын зерттейді. Ал басшы осы жұмыстардың өзара үйлесімді ұйымдастырылуына жағдай жасайды. Мысалы, бала логопед сабағында тапсырманы орындайды, бірақ өздігінен сөйлеуге қиналады. Педагог-сарапшы оның тапсырманы түсіну деңгейін талдайды. Ата-анамен әңгіме барысында үй жағдайында баланың қандай сөздерді жиі қолданатыны анықталады. Осы мәліметтер біріктірілген кезде ғана балаға тиімді бағыт белгіленеді.

Түзете-дамыту жұмысының нәтижесі кабинеттегі сабақпен ғана шектелмейді. Бала маманмен аптасына бірнеше рет жұмыс істегенімен, қалған уақытын отбасында өткізеді. Сондықтан ата-ананың қолдауы өте маңызды. Ата-анаға «Балаңыз сөйлей алмайды» дегеннен гөрі, «Балаңыз қазір мына дыбысты дұрыс айтуға талпынып жүр. Үйде осы жаттығуды күн сайын 5 минут қайталасаңыздар, нәтижесін бекітуге көмектеседі» деген кәсіби әрі қолдаушы тіл тиімді. Мұнда маманның міндеті – ата-ананы қорқыту емес, оған баласына көмектесудің нақты жолын көрсету. Ата-ана маманға сенсе, ал маман ата-ананы баланың дамуындағы серіктес ретінде қабылдаса, түзету жұмысының нәтижелілігі де артады.

Бала алғаш рет сөзді анық айтқанда, алғаш рет маманға өзі келіп амандасқанда, сурет бойынша сөйлем құрағанда, тапсырманы өздігінен орындағанда немесе ата-анасына қуана көрсеткен жаңа дағдысында үлкен еңбектің ізі жатыр. Сондықтан ППТК маманының еңбегін тек құжаттағы көрсеткішпен бағалау жеткіліксіз. Оның шынайы нәтижесі – баланың бойындағы өзгеріс, ата-ананың үміті және баланың өз мүмкіндігіне деген сенімінің артуы.

Балаға түзету көмегін көрсету – кәсіби шеберлікті ғана емес, жүрек жылуын да талап ететін жауапты қызмет. Өйткені әр баланың бойында бір әлем бар. Ал сол әлемнің есігін ашуға көмектесу – педагогтің ең үлкен миссиясы.

Инклюзивті білім берудегі мұғалімнің рөлі



Бекбаева Жұлдызай Қуандыққызы
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Омар Шораяқұлы атындағы №30 орта мектептің педагог-психолог маманы

Білім беру – әр баланың қабілетін ашып, болашағына жол көрсететін маңызды үдеріс. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – әрбір баланың жеке ерекшелігі мен білім алу қажеттілігін ескере отырып, сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан алғанда, инклюзивті және арнайы білім берудің маңызы артып келеді. Ал бұл бағыттағы жұмыстың нәтижелі болуы ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, ізденісіне және балаға деген жанашырлығына байланысты.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың білім алуына тең жағдай жасауға бағытталған жүйе. Мұндай білім беру ортасында әр баланың қабілеті, даму қарқыны, қызығушылығы мен қажеттілігі назарға алынады. Сондықтан мұғалімнің міндеті тек оқу материалын түсіндірумен шектелмейді. Ол баланың бойындағы мүмкіндіктерді байқап, өзіне деген сенімін арттырып, қоғамға бейімделуіне көмектесуі қажет.

Жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім беруге мүмкіндік жасайды. Мұндай сыныптарда оқыту барысында баланың даму ерекшеліктері, танымдық мүмкіндіктері және оқу материалын меңгеру қарқыны ескеріледі.

Арнайы сыныптардың басты мақсаты – оқушыға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, оқу бағдарламасын меңгеруіне жағдай жасау және оның жеке қабілеттерін дамыту. Бұл ретте оқыту әдістері мен тапсырмалар баланың қажеттілігіне қарай бейімделеді. Сабақ барысында көрнекі құралдарды пайдалану, тапсырмаларды кезең-кезеңімен орындау, қайталау, ойын элементтерін енгізу және жеке жұмыс жүргізу тиімді нәтиже береді.

Арнайы сыныптарда оқушылардың қарым-қатынас жасау, өз ойын жеткізу, күнделікті өмірде қажетті дағдыларды меңгеру қабілеттерін дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Себебі білімнің нәтижесі тек оқу үлгерімімен ғана емес, баланың дербестігімен, әлеуметтік ортаға бейімделуімен және өз мүмкіндігін пайдалана білуімен де өлшенеді.

Қазақстанда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы сыныптарда да, арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша арнайы сыныптарда да оқыту қарастырылған. Оқыту нысаны баланың білім алу қажеттіліктері мен тиісті ұсынымдарды ескере отырып айқындалады.

Инклюзивті және арнайы білім беру жүйесінде мұғалімнің орны ерекше. Өйткені әр баланың қабілеті мен қажеттілігін анықтап, соған сәйкес оқыту тәсілін таңдау педагогтан кәсіби білімді, шыдамдылықты және шығармашылық ізденісті талап етеді.

Арнайы сынып мұғалімі ең алдымен оқушыны жан-жақты танып, оның күшті тұстары мен қолдауды қажет ететін бағыттарын анықтауы керек. Бір оқушы ақпаратты көрнекілік арқылы жақсы қабылдаса, екіншісі ауызша түсіндіруді немесе практикалық тапсырмаларды орындауды тиімді меңгеруі мүмкін. Сондықтан барлық балаға бірдей талап қойып қана қоймай, әрқайсысының жеке ерекшелігіне сәйкес оқыту жолдарын қарастыру маңызды.

Сабақ барысында мұғалім оқушының кішкентай жетістігінің өзін бағалап, оның білімге деген қызығушылығын арттыруға ұмтылуы қажет. Баланы басқа оқушылармен салыстырудың орнына, оның жеке даму барысына назар аудару тиімді. Мұндай тәсіл оқушының өз күшіне сенуіне, тапсырманы орындауға ынталануына және оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Сонымен қатар мұғалім сыныпта өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген орта қалыптастыруы тиіс. Әр баланың пікірін тыңдау, бір-біріне көмектесуге үйрету, кемсітушілікке жол бермеу – инклюзивті мәдениеттің маңызды бөлігі.

Арнайы сыныптарда білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде жеке тәсілдің маңызы зор. Оқушының мүмкіндігі мен қажеттілігіне қарай тапсырмалардың күрделілігін өзгерту, қосымша уақыт беру, оқу материалын шағын бөліктерге бөлу және түсінуді тексеріп отыру білімді жақсы меңгеруге көмектеседі. Мысалы, оқушыға жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде суреттер, сызбалар, үлестірмелі материалдар мен практикалық жаттығуларды қолдануға болады. Тапсырманы орындауда қиындық туындаса, мұғалім оны бірнеше қарапайым қадамға бөліп, қажетті бағыт-бағдар береді. Ал оқушы тапсырманы өз бетінше орындауға дайын болған жағдайда, оның дербестігін қолдап, бастамашылдығына мүмкіндік жасаған жөн.

Оқушының оқу жетістігін бағалауда да оның жеке ілгерілеуін ескеру қажет. Мұғалім баланың қандай дағдыны меңгергенін, қай бағытта қосымша қолдау керектігін анықтап, келесі сабақтың мақсатын соған сәйкес жоспарлайды. Бұл білім беру үдерісінің жүйелі әрі нәтижелі болуына ықпал етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін баланы қолдау тек мұғалімнің міндеті емес. Бұл – мектеп мамандары мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асатын маңызды үдеріс.

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары, арнайы педагог, педагог-психолог, педагог-ассистент және басқа да тиісті мамандар баланың қажеттілігіне қарай өзара әрекеттеседі. Әр маманның

қызметі мен міндеті қолданыстағы талаптарға сәйкес ұйымдастырылады. Ата-анамен тұрақты байланыс орнату да маңызды. Мұғалім баланың сабақтағы жетістіктері мен қиындықтары туралы ақпарат беріп, үй жағдайында қолдау көрсету жолдарын талқылай алады. Ал ата-ана баланың қызығушылығы, мінез-құлқы және күнделікті өмірдегі ерекшеліктері туралы мәліметпен бөліседі. Осындай өзара түсіністік баланың дамуына қолайлы жағдай қалыптастырады.Бұған қоса, педагогтің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру, тәжірибе алмасу, әдістемелік семинарларға қатысу және білім беру саласындағы жаңашылдықтарды зерделеу мұғалімнің жұмыс сапасын арттырады.

Инклюзивті білім беру – әр баланың білім алуға құқығын құрметтеп, оның әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды міндет. Ал арнайы сыныптар осы мақсатты жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі болып саналады. Мұнда оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеру, сапалы білім беру, әлеуметтік дағдыларын дамыту және өзіне деген сенімін қалыптастыру қатар жүреді.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен адами қасиеті баланың білімге деген ынтасын арттырып, болашаққа сеніммен қарауына ықпал етеді. Сондықтан әр педагогтың басты ұстанымы – баланың мүмкіндігін шектеу емес, оны дамытуға жол ашу.

Әр бала – қайталанбас тұлға. Оның қабілетін танып, білім алуына қолдау көрсету – ұстаздың кәсіби парызы әрі адамгершілік міндеті. Білім берудегі мейірім, түсіністік және тең мүмкіндік қана әр баланың қоғамнан өз орнын табуына негіз бола алады.

Химияны оқытудағы жаңашылдық пен ізденіс

Әбибуллаева Әсима Амангелдіқызы
№281 негізгі мектебінің химия пәні мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыға дайын білімді меңгертіп қана қоймай, оның өздігінен ізденуіне, ой қорытуына, алған білімін өмірде қолдана білуіне жағдай жасау. Осы міндетті жүзеге асыруда жаратылыстану пәндерінің, соның ішінде химияның орны ерекше. Химия қоршаған ортада жүріп жатқан құбылыстарды түсінуге, заттардың қасиеттерін тануға, табиғат заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді. Мектепте химия пәнінен сабақ беретін мұғалім ретінде менің негізгі мақсатым – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру және олардың зерттеушілік қабілетін дамыту. Себебі химияны меңгеру формулалар мен теңдеулерді жаттаумен шектелмейді. Ол – ойлану, салыстыру, тәжірибе жасау және нәтижеге негізделген қорытынды шығару үдерісі.

Химия пәнінің ерекшелігі оның теориялық білім мен практикалық жұмысты өзара байланыстыруында жатыр. Оқушы заттардың құрамы, құрылысы мен қасиеттері туралы мәліметті оқулықтан оқып қана қоймай, оны тәжірибе арқылы көзбен көріп, нәтижесін талдағанда ғана білімнің мәнін терең түсінеді. Мәселен, химиялық реакциялардың белгілерін түсіндіру кезінде газ бөлінуін, тұнба түзілуін немесе түстің өзгеруін көрсететін тәжірибелерді қолдануға болады. Мұндай жұмыстар оқушының назарын аударып қана қоймай, оның пәнге деген қызығушылығын оятады. Дегенмен кез келген тәжірибе нақты оқу мақсатына бағытталуы керек. Мұғалім тәжірибе нәтижесін түсіндіріп, оқушыны көрген құбылысының себебін анықтауға жетелеуі қажет. Сонда сабақ көрнекілікке құрылған әрекет деңгейінен саналы білім қалыптастыратын тиімді оқу ортасына айналады.

Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру үшін олардың күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсінуіне басымдық берген жөн. Мысалы, темірдің тот басуы, сүттің ашуы, жану үдерісі, тұрмыстық тазартқыштардың әсері, судың кермектігі мен тағам құрамындағы заттар химиямен тығыз байланысты. Сабақ барысында осындай өмірлік мысалдарды пайдалану пәннің практикалық маңызын ашады. Оқушы химиялық білімнің тек емтихан тапсыру немесе баға алу үшін қажет еместігін түсінеді. Ол тұрмыста қауіпсіздік ережелерін сақтауға, өнімдердің құрамын дұрыс оқуға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға көмектеседі. Осылайша теориялық ұғымдар оқушының күнделікті тәжірибесімен ұштасып, білімнің өміршеңдігі артады.

Қазіргі сабақта оқушының белсенділігі мен дербестігіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Осы мақсатта проблемалық сұрақтар, зерттеу тапсырмалары, жұптық және топтық жұмыстарды тиімді пайдалануға болады. Мәселен, «Неліктен кейбір металдар тез тот басады?», «Судың сапасын қандай белгілер арқылы бағалауға болады?» немесе «Химиялық реакция жылдамдығына қандай факторлар әсер етеді?» деген сұрақтар оқушыларды ізденуге жетелейді. Олар болжам жасап, қажетті ақпаратты жинақтап, тәжірибе нәтижелерін салыстырады. Мұндай жұмыстар барысында оқушылар тек пәндік білімді ғана емес, сонымен қатар өз ойын дәлелдеуді, өзгелердің пікірін тыңдауды, топпен бірлесіп шешім қабылдауды үйренеді. Мұғалім бұл үдерісте дайын жауапты ұсынушы емес, оқушының танымдық әрекетін ұйымдастырушы әрі бағыттаушы рөлін атқарады.

Химияны оқытуда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін де орынды пайдалануға болады. Виртуалды зертханалар күрделі немесе мектеп жағдайында орындауға мүмкіндік шектеулі тәжірибелердің барысын модельдеуге көмектеседі. Интерактивті тапсырмалар, бейнематериалдар, молекулалардың үшөлшемді модельдері абстрактілі ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді. Ал жасанды интеллект көмегімен оқушыларға әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар әзірлеп, күрделі тақырыптарды қосымша түсіндіруге болады. Алайда технология мұғалімнің орнын алмастырмауы тиіс. Керісінше, ол оқу үдерісін толықтырып, білімді меңгерудің жаңа жолдарын ашуы керек. Цифрлық құралдар ұсынған ақпаратты тексеру, сенімді дереккөздерді ажырату және ғылыми дәлелдерге сүйену дағдыларын қалыптастыру да қазіргі химия сабағының маңызды міндеттерінің бірі.

Химия пәнін оқыту барысында экологиялық тәрбиеге де айрықша мән берілуі қажет. Қоршаған ортаның ластануы, өндірістік қалдықтар, ауызсудың сапасы, пластикті шамадан тыс пайдалану және тұрмыстық химия өнімдерін дұрыс қолданбау мәселелері бүгінгі қоғам үшін өзекті. Бұл тақырыптарды сабақпен байланыстыру арқылы оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға болады. Мысалы, қалдықтарды сұрыптау, суды үнемдеу, химиялық заттарды сақтау және кәдеге жарату ережелерін талқылау оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар қоршаған ортаға қатысты шағын зерттеу жобаларын ұйымдастыру олардың жергілікті мәселелерге назар аударуына мүмкіндік береді. Табиғатты қорғау туралы білім нақты әрекетпен ұштасқанда ғана оқушының бойында жауапты азаматтық ұстаным қалыптасады.

Әр оқушының білімді қабылдау қарқыны, қызығушылығы мен қабілеті әртүрлі. Сондықтан химия сабағында саралап оқыту тәсілдерін қолданудың маңызы

зор. Бір оқушыға негізгі ұғымдарды бекітуге арналған тапсырма қажет болса, екінші оқушы күрделі есептерді шығаруға немесе зерттеу жобасын орындауға дайын болуы мүмкін. Тапсырмаларды күрделілік деңгейіне қарай ұсыну, қосымша түсіндіру, тірек сызбалар мен кестелерді пайдалану білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге көмектеседі. Бағалау кезінде тек дұрыс жауапқа ғана емес, оқушының ізденісіне, дәлел келтіруіне және алға жылжуына да назар аударған жөн. Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім оқушының қиындықтарын дер кезінде анықтап, қажетті қолдау көрсете алады. Ең бастысы, әр бала өзінің үйренуге қабілетті екенін сезінуі керек.

Зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау бірінші орында тұрады. Химиялық заттармен жұмыс істеудің ережелерін түсіндіру, қорғаныш құралдарын пайдалану, реактивтерді дұрыс сақтау және қалдықтарды белгіленген тәртіппен жинау оқушының жауапкершілігін арттырады. Әр тәжірибе алдында оның мақсаты, орындалу реті және ықтимал қауіптері түсіндірілуі тиіс. Оқушыларға заттарды дәмін татып тексеруге, белгісіз реактивтерді өз бетінше араластыруға немесе тәжірибені мұғалімнің рұқсатынсыз орындауға болмайтыны нақты ескертіледі. Қауіпсіздік мәдениеті химия пәнінің қосымша талабы емес, оның ажырамас бөлігі. Осы қағидаларды жүйелі сақтау оқушылардың зертханалық дағдыларын қалыптастырып, ұқыптылыққа, тәртіпке және өз әрекетіне жауап беруге тәрбиелейді.

Мұғалімнің кәсіби дамуы да білім сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі. Ғылым мен технология үздіксіз дамып отырғандықтан, педагог өз білімін үнемі толықтырып, жаңа әдістемелерді меңгеріп отыруы қажет. Әріптестермен тәжірибе алмасу, кәсіби семинарларға қатысу, әдістемелік материалдарды зерделеу және сабақ нәтижелерін талдау оқыту тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылардың кері байланысын тыңдау, олардың қандай тақырыптарды қиын меңгеретінін анықтау және сабақ жоспарына қажетті өзгерістер енгізу маңызды. Мұғалім үшін әр сабақ өз тәжірибесіне сын көзбен қарап, тиімді тәсілдерді іздейтін мүмкіндік болуы керек. Ізденімпаз педагог оқушының да ізденуіне жол ашады. Ал жаңашылдыққа ұмтылу білім беру үдерісінің мазмұнын байытып, сабақтың нәтижелілігін арттырады.

Қорытындылай келе, химия пәнін сапалы оқыту – оқушыға формулалар мен заңдылықтарды меңгертумен ғана шектелмейтін күрделі әрі жауапты міндет. Оның негізгі нәтижесі – ғылыми ойлайтын, дәлелге сүйенетін, зерттеуге қызығатын және алған білімін өмірде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру. Ол үшін теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, заманауи технологияларды орынды пайдаланып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Сонымен бірге қауіпсіздік мәдениетін, экологиялық жауапкершілікті және өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға басымдық берілуі тиіс. Әр сабақ оқушыға жаңа сұрақ қойып, сол сұрақтың жауабын іздеуге ынталандырса, білімнің шынайы құндылығы артады. Химия сабағы осындай ізденіс алаңына айналғанда, оқушылар табиғат құбылыстарын терең түсініп қана қоймай, болашақта ғылымға, өндіріске және қоғамның дамуына үлес қосуға дайын болады.

Ана тілім – ұлттың жаны, әдебиет – рухтың айнасы

Әжімұханова Багжан
Қазақ тілі мен әдебиеті

Қазақ тілі – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасы, ұлттық болмысымыздың басты белгісі. Тіл арқылы ұлттың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен мәдениеті ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Ал әдебиет – сол бай мұраны көркем сөзбен өрнектеп, адамзаттың асыл қасиеттерін дәріптейтін рухани әлем. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту тек грамматикалық ережелерді меңгерту немесе көркем шығарманың мазмұнын түсіндірумен шектелмеуі керек. Біздің басты міндетіміз – оқушының тілдік сауаттылығын арттырумен қатар, оның бойында ұлттық құндылықтарға құрмет, адамгершілік, отансүйгіштік және ізгілік қасиеттерін қалыптастыру. Бүгінгі білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі де өзгеріп келеді. Ол дайын білімді жеткізуші ғана емес, оқушының танымдық қабілетін дамытатын, өз ойын еркін жеткізуіне жол ашатын, ізденіске жетелейтін тұлға болуы қажет. Әсіресе ақпарат ағыны күшейіп, цифрлық технологиялар кеңінен қолданылып жатқан кезеңде ана тілінің қадірін ұғындыру, көркем әдебиетті оқуға қызығушылық қалыптастыру маңызды міндеттердің біріне айналды. Себебі тілін құрметтеген, әдебиетін түсінген жас ұрпақ өзінің ұлттық тамырынан ажырамай, заман талабына сай дамуға мүмкіндік алады.

Қазақ тілі сабағы оқушының дұрыс сөйлеп, сауатты жазуына ғана емес, ойлау жүйесінің қалыптасуына да ықпал етеді. Тілдік білімді өмірмен байланыстыра оқыту арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Мысалы, белгілі бір грамматикалық тақырыпты түсіндіргенде құрғақ ережелермен шектелмей, күнделікті өмірден алынған мәтіндер, газет-журнал материалдары, жарнамалар мен қоғамдық ортада кездесетін тілдік қолданыстарды талдауға мүмкіндік берген жөн. Мұндай тапсырмалар оқушыға алған білімінің практикалық маңызын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар пікірталас, сұхбат, шығармашылық жазба жұмыстары, топтық талқылау және жағдаяттық тапсырмалар баланың сөздік қорын байытып, ойын жүйелі жеткізу қабілетін дамытады. Сабақ барысында әр оқушының жеке ерекшелігін ескеріп, оның пікірін құрметтеу де маңызды. Бірі ауызша жауап беруге бейім болса, екіншісі жазбаша тапсырмада өз ойын жақсы жеткізуі мүмкін. Мұғалім осындай ерекшеліктерді ескере отырып, барлығына өз қабілетін көрсетуге жағдай жасауы қажет. Қазіргі уақытта оқушылардың әлеуметтік желілерде қысқарған сөздерді жиі қолдануы, сөйлем құрылымына немқұрайды қарауы және тілдік нормаларды сақтамауы да назар аударуды талап етеді. Бұл мәселені шешу үшін тыйым салумен шектелмей, әдеби тілдің көркемдігін, сөздің мағыналық байлығын және сауатты сөйлеудің артықшылығын нақты мысалдар арқылы көрсету қажет. Сонда оқушы ана тілін тек оқу пәні ретінде емес, күнделікті өмірде қолданатын маңызды қарым-қатынас құралы ретінде қабылдайды.

Әдебиет пәнінің тәрбиелік мүмкіндігі ерекше. Көркем шығармалар арқылы оқушы адам мінезін таниды, өмірлік құндылықтарды саралайды, жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ажыратуға үйренеді. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері адам бойындағы білімге құштарлықты, еңбекқорлықты және адамгершілікті дәріптесе, Ыбырай Алтынсариннің шығармалары ізгілікке, талаптылыққа, адал еңбекке үндейді. Мұхтар Әуезовтің туындылары ұлттық тарих пен халықтың тұрмыс-тіршілігін тереңірек түсінуге жол ашады. Ал Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин және басқа да қаламгерлердің шығармалары арқылы оқушылар елдік сана, тіл тағдыры, еркіндік пен жауапкершілік туралы ой түйеді. Дегенмен көркем шығарманы оқытуда оның мазмұнын жаттатып, кейіпкерлерге дайын мінездеме берумен шектелу жеткіліксіз. Оқушы шығарманың негізгі идеясын өз бетінше түсініп, кейіпкердің іс-әрекетіне баға беріп, автор көтерген мәселені бүгінгі өмірмен байланыстыра білуі керек. Мәселен, шығармадағы кейіпкердің таңдауы туралы пікірталас ұйымдастыру, оқиғаның басқа шешімін ұсыну немесе кейіпкерге хат жазу арқылы оқушының сыни ойлау қабілетін дамытуға болады. Осындай жұмыс түрлері әдебиетті оқушыға жақындатып, кітап оқуға деген ынтасын арттырады. Ең бастысы, көркем шығарма баланың жүрегіне жол тауып, оның мінезі мен дүниетанымына оң әсер етуі тиіс. Өйткені әдебиет – өткеннің мұрасы ғана емес, бүгінгі қоғамды түсінуге және болашаққа бағдар жасауға көмектесетін рухани ұстаз.

Қазіргі білім беру үдерісінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды тиімді пайдалану да өзекті болып отыр. Электронды кітапханалар, аудиокітаптар, интерактивті тапсырмалар, бейнематериалдар мен онлайн сөздіктер оқушының білім алу мүмкіндігін кеңейтеді. Жасанды интеллектіні сабақта мәтінге талдау жасау, тапсырмаларды түрлендіру, сөздік жұмысын ұйымдастыру немесе оқушының деңгейіне сәйкес қосымша жаттығулар әзірлеу үшін қолдануға болады. Алайда технология мұғалімнің орнын алмастыратын құрал емес, оқу үдерісін жетілдіруге көмектесетін мүмкіндік екенін ұмытпауымыз керек. Әсіресе әдебиет сабағында оқушының жеке пікірі мен шығармашылық ойлауы басты орында қалуы тиіс. Егер бала дайын жауапты көшіріп алуға дағдыланса, оның өз бетінше ой қорыту қабілеті жеткілікті деңгейде дамымайды. Сондықтан оқушыларға ақпараттың дұрыстығын тексеруді, бірнеше дереккөзді салыстыруды, авторлық құқықты сақтауды және цифрлық құралдарды жауапкершілікпен пайдалануды үйрету қажет. Сонымен бірге тілдік орта қалыптастыруда мектеп пен отбасының ынтымақтастығы маңызды. Үйде қазақша кітап оқуға жағдай жасау,

отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастыру, мектептегі әдеби кештер мен мәнерлеп оқу байқауларына қатысу баланың тілге деген сүйіспеншілігін нығайтады. Мұғалім ата-анамен бірлесе жұмыс істегенде ғана оқушының алған білімі күнделікті өмірде жалғасын табады. Заманауи технология мен ұлттық тәрбиені ұштастыру арқылы біз дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, жаңа заманның талаптарына жауап беретін білімді ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде менің негізгі ұстанымым – әр оқушының ана тіліне деген құрметін оятып, өз ойын еркін жеткізе алатын, сауатты әрі рухани бай тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалімнің өзі де үнемі ізденіп, кәсіби шеберлігін жетілдіріп, сабақ беру әдістерін жаңартып отыруы қажет. Оқушыға кітап оқуды ұсынумен қатар, оқуға деген қызығушылығын ояту, пікірін тыңдау, жетістігін бағалау және қателігін түзетуге мүмкіндік беру маңызды. Сабақтағы әрбір тапсырма баланың танымын кеңейтіп, өзіне деген сенімін арттыруға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар ұлттық әдебиетті әлемдік әдебиет үлгілерімен салыстыра оқыту оқушының дүниетанымын кеңейтіп, өзге мәдениеттерді құрметтеуге үйретеді. Ана тілін меңгеру басқа тілдерді үйренуге кедергі келтірмейді, керісінше, адамның ойлау мәдениетін қалыптастырып, тілдік қабілетін дамытуға негіз болады. Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы, қоғамның белсенді мүшесі. Оның бойында ұлттық сана, жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы мектептегі білім мен тәрбиенің сапасына тікелей байланысты. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әрдайым маңызды әрі жауапты міндет болып қала береді. Тілін қадірлеген ұрпақ елінің тарихын ұмытпайды, әдебиетін таныған жас рухани байлығын бағалайды. Ендеше, ана тіліміздің мәртебесін арттыру, сөз өнерінің құдіретін таныту және жас ұрпақтың кітапқа деген ықыласын ояту жолындағы еңбегімізді жалғастыра берейік. Өйткені тілге деген құрмет – ұлтқа деген құрмет, ал әдебиетке деген сүйіспеншілік – рухани кемелдікке бастайтын жол.

Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктері

Кеңесова Дилнара Бағдатқызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы
бастауыш сынып мұғалімі

Инклюзивті (франц. inclusif – өзіне енгізетін, лат. include – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етиетін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала бала бақшаның, сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы — барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвециясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өндеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір — бірімен қарым — қатынас жасауға, танып білуге,үйренеді.

Инклюзивтік білім беру — барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата — аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу — педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігіжеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда

балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы алғашқы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Инклюзивті білім беру негіздері. Алматы 2019 жыл
2. Овчарова Р.В. Практическая психология образования. – М.: Академия, 2003.
3. Крюкова Т.Л. Отбасылық психология. – Тіл, 2005
4. Фролова С.В. Консультативная психология: теория и практика. Учебно-метод.пособие для студентов, обучающихся по специальности «Психология». – Саратова, 2015

Дене шынықтыру сабағында оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттырудың тиімді әдістері

Жасуланов Асхат Жасуланұлы
№220 мектеп-лицей КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі

Аннотация. Мақалада жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру пәнін оқытудың тиімді жолдары, оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Дене шынықтыру сабақтарында ойын технологияларын, саралап оқыту тәсілдерін және оқушының жеке мүмкіндіктеріне негізделген жаттығуларды қолданудың педагогикалық маңызы сипатталады. Сонымен қатар оқушылардың дене қабілеттерін дамытуға, сабаққа қызығушылығын арттыруға және денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, қозғалыс белсенділігі, салауатты өмір салты, дене тәрбиесі, ойын технологиялары, дене қабілеттері, педагогикалық әдістер.

Қазіргі қоғамда өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау, физикалық дамуын қамтамасыз ету және салауатты өмір салтына деген саналы көзқарасын қалыптастыру білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Баланың дене саулығы оның оқу үлгеріміне, психологиялық жағдайына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне және тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі дене шынықтыру пәнінің маңызы дене жаттығуларын орындатумен ғана шектелмейді. Ол оқушының бойында жауапкершілік, табандылық, тәртіп, өзара қолдау және салауатты өмір салтына деген тұрақты ұстаным қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі цифрлық технологиялар кеңінен қолданылатын кезеңде балалардың қозғалыс белсенділігіне ерекше назар аудару қажет. Уақыттың едәуір бөлігін электрондық құрылғылармен өткізу, қимыл-қозғалыстың азаюы және бос уақытты белсенді ұйымдастырмау оқушылардың дене белсенділігіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан дене шынықтыру мұғалімінің міндеті – оқушыны сабаққа қатыстыру ғана емес, оның күнделікті өмірде де белсенді болуға деген қызығушылығын арттыру.

Осы мақсатта дене шынықтыру сабақтарын оқушының жас ерекшелігіне, физикалық мүмкіндіктеріне және қызығушылығына сәйкес ұйымдастыру маңызды. Сабақ мазмұнының тартымдылығы, тапсырмалардың қолжетімділігі және мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оқушылардың белсенділігіне тікелей ықпал етеді.

Қозғалыс белсенділігі – оқушының дене дамуы мен денсаулығын нығайтудың негізгі шарттарының бірі. Жүйелі әрі жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылған дене жаттығулары қимыл үйлесімділігін, күшті, жылдамдықты, төзімділікті және икемділікті дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бірлескен спорттық әрекеттер оқушылардың қарым-қатынас жасау, ортақ шешім қабылдау және командалық жұмыс дағдыларын жетілдіреді.

Дене шынықтыру сабағының тиімділігі орындалған жаттығулардың санымен ғана өлшенбейді. Оның нәтижесі оқушының сабаққа белсенді қатысуынан, тапсырмаларды саналы орындауынан, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалауынан және дене белсенділігінің маңызын түсінуінен көрінеді.

Осыған байланысты мұғалім сабақ барысында бірнеше педагогикалық ұстанымды басшылыққа алғаны жөн. Біріншіден, жаттығулар оқушылардың жасына және денсаулық жағдайына сәйкес таңдалуы керек. Екіншіден, әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік жасалуы қажет. Үшіншіден, оқу тапсырмалары оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеріп, біртіндеп күрделенуі тиіс. Төртіншіден, қауіпсіздік талаптары сабақтың барлық кезеңінде сақталуы керек. Мұндай тәсілдер дене шынықтыру сабағын тек нормативтерді орындауға бағытталған әрекеттен оқушының жан-жақты дамуына ықпал ететін педагогикалық үдеріске айналдырады.

Дене шынықтыру сабағында жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін мұғалім дәстүрлі жаттығуларды оқушының қызығушылығын арттыратын әдістермен ұштастыруы қажет. Бұл ретте ойын технологиялары, станциялық жаттығулар, саралап оқыту және қалыптастырушы бағалау тәсілдері ерекше маңызға ие.

Қимыл-қозғалыс ойындары оқушылардың табиғи белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын қалыптастырады. Мысалы, «Белгі бойынша әрекет ет», «Кедергілерден өту», «Допты дәл жеткіз» және командалық эстафеталар оқушылардың жылдамдығын, ептілігін, қимыл үйлесімділігін дамытуға көмектеседі. Ойын барысында оқушылар тапсырманы орындаумен қатар, ережені сақтауды, қарсыласын құрметтеуді, жеңіске ұмтылуды және жеңілісті дұрыс қабылдауды үйренеді. Мұғалім ойынның мақсатын нақты белгілеп, барлық оқушының қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Ойын нәтижесін тек жеңімпазды анықтау арқылы емес, оқушылардың ынтымақтастығы мен жеке жетістіктерін ескере отырып бағалау маңызды.

Станциялық жаттығулар жүйесі сабақ уақытын тиімді пайдалануға және оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілде спорт залы немесе алаң бірнеше жаттығу аймағына бөлінеді. Әр аймақта белгілі бір дене қабілетін дамытуға бағытталған тапсырма орындалады. Мысалы, бірінші станцияда секіртпемен секіру, екінші станцияда допты нысанаға лақтыру, үшінші станцияда белгіленген бағыт бойынша жүгіру, төртінші станцияда тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар ұйымдастырылуы мүмкін. Оқушылар белгіленген уақыт аралығында станциялар бойынша ауысып отырады. Мұндай ұйымдастыру оқушылардың кезекте ұзақ тұруын азайтып, олардың сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасайды. Жаттығулардың күрделілігі оқушылардың жасына, дайындық деңгейіне және қауіпсіздік талаптарына сәйкес

белгіленуі қажет.

Бір сыныптағы оқушылардың дене дайындығы мен қимыл-қозғалыс мүмкіндіктері бірдей болмайды. Сондықтан барлық оқушыға бірдей талап қою кейбір балалардың сабаққа деген сенімін төмендетуі мүмкін. Осы мәселені шешуде саралап оқыту тәсілінің маңызы зор. Мысалы, допты нысанаға лақтыру тапсырмасында оқушыларға нысанаға дейінгі әртүрлі қашықтық ұсынылады. Дене дайындығы жоғары оқушылар күрделірек тапсырма орындаса, бастапқы деңгейдегі оқушыларға қолжетімді қашықтық белгіленеді. Кейін оқушылардың нәтижесіне қарай тапсырмалар біртіндеп күрделендіріледі. Бұл тәсіл әр баланың жеке мүмкіндігін ескеруге, өз жетістігін байқауға және дене шынықтыруға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Мұғалім оқушыларды бір-бірімен салыстырудан гөрі, олардың жеке ілгерілеуіне назар аударуы керек.

Бағалау оқушының тек физикалық нәтижесін анықтау құралы емес, оның алға ұмтылуына көмектесетін педагогикалық тетік болуы тиіс. Сабақ барысында мұғалім оқушының жаттығуды орындау техникасына, белсенділігіне, ережені сақтауына және жеке нәтижесінің жақсаруына назар аударғаны жөн. Мысалы, сабақ соңында оқушыларға «Бүгін қандай жаттығуды жақсы орындадым?», «Қай тапсырма маған қиындық туғызды?», «Келесі сабақта нені жақсартқым келеді?» деген сұрақтар қоюға болады. Мұндай рефлексия оқушының өз әрекетін бағалауына және жеке мақсатын белгілеуіне көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің нақты әрі қолдаушы кері байланысы оқушының өзіне деген сенімін арттырады. Әсіресе дене дайындығы төмен оқушылардың шағын жетістіктерін атап өту олардың сабаққа деген қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру сабағының нәтижелілігі қолданылатын әдістерге ғана емес, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне де байланысты. Қазіргі педагог жаттығуларды дұрыс ұйымдастырып қана қоймай, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін түсінетін, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыратын және әр баланың әлеуетін ашуға жағдай жасайтын маман болуы қажет. Мұғалім сабаққа дайындық кезінде оқу мақсатын нақтылап, жаттығулардың реттілігін белгілеп, қажетті құрал-жабдықтарды тексеруі тиіс. Сабақтың дайындық, негізгі және қорытынды бөлімдері өзара сабақтастықта ұйымдастырылғаны жөн. Жүктеме оқушылардың жасына, денсаулық жағдайына және дайындық деңгейіне қарай реттелуі керек.

Бұған қоса, дене шынықтыру мұғалімі оқушыларға салауатты өмір салтының күнделікті маңызын түсіндіруі қажет. Дұрыс тамақтану, жеке гигиенаны сақтау, жеткілікті ұйқы, белсенді демалыс және дене белсенділігін күн тәртібіне енгізу туралы жүйелі түсіндіру жұмыстары оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектеп, отбасы және мұғалім арасындағы ынтымақтастық та маңызды. Ата-аналарды отбасылық спорттық іс-шараларға тарту, мектепішілік жарыстар ұйымдастыру және белсенді демалысты насихаттау оқушылардың қозғалысқа деген қызығушылығын сабақтан тыс уақытта да қолдауға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру мұғалімінің басты мақсаты – оқушыны белгілі бір жаттығуды орындауға үйретумен шектелмей, денсаулығына жауапкершілікпен қарайтын, белсенді өмір салтын ұстанатын және физикалық дамудың маңызын түсінетін тұлға қалыптастыру. Өйткені денсаулықты нығайтуға бағытталған әрбір жүйелі әрекет – болашақ ұрпақтың сапалы өмір сүруіне жасалған маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілде, №319-III.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.
3. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Дене белсенділігі жөніндегі ұсынымдар. Женева, 2020.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. «Дене шынықтыру» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгілік оқу бағдарламалары.

Әскери тәртіп – мінез бен жауапкершілікті қалыптастыру құралы

Мырзабаев Нұрбол Төлендіұлы

Тәртіп – адам бойындағы жауапкершілік пен табандылықтың, ұйымшылдық пен мәдениеттіліктің айқын көрінісі. Қай қоғамда да тәртіптің орны ерекше. Әсіресе әскери салада тәртіп – қызметтің негізгі тірегі, ел қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетінің маңызды кепілі. Сондықтан өскелең ұрпаққа тәртіпті болудың мәнін түсіндіру, олардың бойында жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыру – бүгінгі тәрбиенің басты бағыттарының бірі.

Осы орайда мектеп қабырғасында оқытылатын алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің маңызы зор. Бұл пән оқушыларға әскери білім берумен ғана шектелмей, олардың мінез-құлқын қалыптастыруға, өзін-өзі басқаруға, ортақ іске жауапкершілікпен қарауға және тәртіпке бағынуға үйретеді.

Әскери тәртіп дегеніміз – белгіленген ережелер мен талаптарды сақтау, берілген тапсырманы уақытында орындау, өз міндетіне адал болу және ортақ мүддені жеке бастың қалауынан жоғары қоя білу. Әскери қызметте әрбір әрекеттің нақты тәртібі мен жауапкершілігі бар. Себебі бір адамның салғырттығы тұтас ұжымның жұмысына әсер етуі мүмкін.

Мұндай қасиеттерді жас кезден бойға сіңіру маңызды. Алғашқы әскери дайындық сабақтарында оқушылар сапқа тұру, командаларды орындау, саптық қозғалыстарды меңгеру арқылы жинақылыққа, шапшаңдыққа және ұйымшылдыққа үйренеді. Бұл жаттығулар олардың тек дене дайындығын жетілдіріп қана қоймай, психологиялық тұрғыдан шыңдалуына да ықпал етеді.

Жауапкершілік – әрбір азаматтың бойында болуы тиіс маңызды қасиет. Өз ісіне жауап бере алатын, берген уәдесінде тұратын, міндетін адал атқаратын адам қоғамда әрдайым құрметке ие болады.

Әскери тәртіптің тәрбиелік мәні де осында. Сабақ барысында оқушыларға тапсырмаларды уақытында орындау, топпен жұмыс істеу, бір-біріне қолдау көрсету және ортақ шешім қабылдау дағдылары үйретіледі. Осындай жұмыстар арқылы жасөспірімдер өз әрекетінің нәтижесіне жауап беруді, өзгелердің пікірін құрметтеуді және ұжым алдындағы міндетін сезінуді меңгереді.

Тәртіпті оқушы – болашақта жауапты маман, саналы азамат болуға бейім тұлға. Сондықтан әскери-патриоттық тәрбие тек әскери қызметке даярлау емес, жалпы адамдық қасиеттерді дамытуға бағытталған маңызды тәрбие мектебі болып саналады.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі оқушыларға әскери білім беретін маман ғана емес, олардың бойында патриоттық рух пен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыратын тәрбиеші. Ұстаздың жеке үлгісі, талапшылдығы, әділдігі мен кәсіби біліктілігі оқушы тәрбиесіне тікелей әсер етеді.

Сабақ барысында әскери-патриоттық ойындар, саптық байқаулар, топтық тапсырмалар, танымдық кездесулер мен практикалық жаттығулар ұйымдастырудың маңызы зор. Мұндай іс-шаралар оқушылардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, ортақ мақсатқа жұмыла білуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар еліміздің әскери тарихы мен батыр тұлғалардың ерлігін таныстыру арқылы жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға болады. Өткен тарихты білу, ел тәуелсіздігінің қадірін түсіну және Отан алдындағы борышты сезіну – нағыз отансүйгіш азаматтың басты белгілері.

Бүгінгі қоғамға тек білімді ғана емес, тәртіпті, еңбекқор, өзіне де, өзгеге де жауапкершілікпен қарайтын азаматтар қажет. Мұндай қасиеттер бір күнде қалыптаспайды. Ол отбасындағы тәрбиеден басталып, мектептегі білім мен қоғамдық ортада жалғасын табады.

Әскери тәртіпті меңгерген жас өз уақытын тиімді пайдалануға, қиындыққа төзімді болуға, алға қойған мақсатына жетуге ұмтылады. Ең бастысы, ол ел тыныштығы мен қоғам тұрақтылығын сақтаудың әр азаматқа ортақ міндет екенін түсінеді.

Отанға қызмет ету – тек әскери міндетті орындау емес. Ол – адал еңбек ету, білім алу, заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау және туған елдің дамуына үлес қосу. Осындай құндылықтарды бойына сіңірген жас ұрпақ қана тәуелсіз еліміздің сенімді тірегіне айналады.

Әскери тәртіп – жас ұрпақтың мінезін қалыптастырып, бойына жауапкершілік пен табандылық дарытатын маңызды тәрбие құралы. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні арқылы оқушылар әскери біліммен қатар, өмірде қажет болатын тәртіп, ұйымшылдық, төзімділік пен отансүйгіштік қасиеттерді меңгереді.

Тәртіп бар жерде – талап бар, талап бар жерде – нәтиже бар. Сондықтан тәртіпті ұрпақ тәрбиелеу – жарқын болашақтың берік негізі. Ал ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын азамат қалыптастыру – әрбір ұстаздың абыройлы міндеті.

Есірткісіз болашақ: қоғам үні

Сағат Асылназ
С. Есқараев атындағы №27 орта мектеп оқушысы

Бүгінгі таңда әлем қарқынды дамып, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктер ғасыры орнағанымен, адамзат баласының алдында тұрған ең өткір әрі қауіпті мәселелердің бірі – есірткі дерті болып отыр.

Өкінішке қарай, бұл ғасыр тажалының құрығына кейде өмірдің мәнін әлі толық түсіне қоймаған жастар мен жасөспірімдер де ілініп жатады. Есірткі – бұл жай ғана зиянды әдет немесе уақытша адасу емес. Бұл – адамның денсаулығын құртатын, санасын улайтын, болашағына балта шабатын және бүкіл ұлттың ертеңіне төнген зор қатер, тәуелділік.

Әрбір мемлекеттің ең басты байлығы – оның дені сау, саналы әрі білімді ұрпағы. Егер біз болашағымыздың жарқын болғанын қаласақ, есірткіге қарсы күресті бүгіннен және өзімізден бастауымыз қажет.

«Біз – болашақ ұрпақпыз!» еліміздің ертеңгі иесі, тірегі мен үміті. Жасөспірім шақ – адам өміріндегі ең маңызды, арман-мақсаттар айқындалып, тұлға болып қалыптасатын кезең. Осы шақта дұрыс бағыт таңдау, зиянды ортадан бойды аулақ ұстау әрбір жастың басты парызы болуы тиіс. «Салауатты өмір салты» деген ұғымды жай ғана құрғақ сөз ретінде қалдырмай, күнделікті әдетке айналдыруымыз керек.

Спортпен шұғылдану, кітап оқу, ғылым мен өнерге ұмтылу, түрлі пайдалы үйірмелерге қатысып, бос уақытты тиімді өткізу – зиянды әдеттерден қорғанудың ең сенімді қалқаны болып табылады.

Дегенмен, бұл проблемамен жасөспірімдер жалғыз күреспеуі тиіс. Бұл күрес – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі.

Отбасы, мектеп, бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам бірлесе отырып, нашақорлықтың алдын алуы қажет.

Мектептегі тәрбие сағаттары, спорттық жарыстар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Досымыздың немесе қатарымыздың қате қадамға баруына жол бермей, дер кезінде ақыл-кеңес беріп, бағыт-бағдар көрсету – шынайы достық пен жанашырлықтың көрінісі.

Бір-бірімізге бейжай қарамау, уақытылы қолдау білдіру арқылы біз талай жастың өмірін сақтап қала аламыз.

«Есірткісіз қоғам – бұл әрбір азаматтың қауіпсіздігі, мықты денсаулығы мен жарқын болашағы. Бұл жолда қоғам болып бұғып қалмай, бірігіп үн қатуымыз қажет!»

Қорыта айтқанда, біздің болашағымыз өз қолымызда. Жастық шақ – бұл үлкен мүмкіндіктер мен биік мақсаттардың, қанаттанатын армандардың кезеңі. Осы бағалы уақытымызды өмірді улайтын зиянды заттарға емес, өз дамуымызға, білім алуға, еліміздің гүлденуіне арнауымыз қажет. Қоғам болып бұл дертке қарсы бұқпай тұру, салауатты өмір салтын насихаттау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

Есірткіге бірге «ЖОҚ!» деп айтайық, өйткені біздің саналы таңдауымыз – жарқын, салауатты, қауіпсіз әрі бақытты болашақ!

Есірткісіз болашақ: қоғам үні

Бердімұратқызы Кәусар
С. Есқараев атындағы №27 орта мектептің 6-сынып оқушысы

Денсаулық – адам өміріндегі ең қымбат байлық. Әрбір адам бақытты өмір сүріп, армандарына жетуді қалайды. Ал сол армандарға жету үшін денсаулығымызды күтіп, зиянды әдеттерден аулақ болуымыз керек. Қазіргі қоғамдағы ең қауіпті мәселелердің бірі – есірткі.

Есірткі – адамның денсаулығына, санасына және болашағына үлкен зиян келтіретін қауіпті зат. Ол адамның өмірін өзгертіп, отбасына қайғы әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір жасөспірім есірткінің зиянын біліп, одан аулақ болуы қажет.

Менің ойымша, есірткісіз болашақ құру әрқайсымыздың қолымызда. Біз бос уақытымызды тиімді пайдаланып, спортпен шұғылданып, кітап оқып, білім алуға ұмтылуымыз керек. Сонымен қатар жақсы достар таңдап, бір-бірімізге қолдау көрсеткеніміз дұрыс. Егер біреу зиянды заттарды қолдануға ұсыныс жасаса, батыл түрде «Жоқ!» деп айта білуіміз қажет.

Мектепте өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар да оқушыларға дұрыс таңдау жасауға көмектеседі. Мұғалімдер мен ата-аналардың ақыл-кеңесін тыңдау бізді көптеген қауіптен сақтайды.

Мен болашақта еліміздің білімді, дені сау және табысты азаматы болғым келеді. Ол үшін бүгіннен бастап дұрыс шешім қабылдау маңызды.

Есірткісіз қоғам – жарқын болашақтың кепілі! Біз салауатты өмір салтын таңдап, еліміздің дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек. Өйткені Қазақстанның болашағы – біздің қолымызда!